

П И О Н Е Р



МАЙ

1931 ЖЫЛ

№ 5



Алматыдағы 1-Май

Күнге тосқан күмбездерін Алматы
Күйге толып, мерекеге қауышты,
Тілді үйіріп тұнық-мөлдір шәрбаты,
Зенгір аспан көтерді шат дауысты.

Алма бүрі ұлпидетіп үкісіп,
Гүл жұпарын берді мейрам көркіне.
Тыңда таңғы арықтардың күлкісін,
Қуандырмай қояр ма екен еркіңе!

Алатауды, Алатауды қарашы:
Қандай жарқын жасыл-күрең ой-қыры!
Ең даланың ақ сақалды ағасы
Алшысынан отырғандай той күні.

Төңкеріліп көгіршіндер ойнайды
Самал шайған бейбіт қала үстінде.
Нұрға шомып жерде тулар жайнайды,
Бейнесіндей сенімнің де, күштің де.

Еңбек кернеп биігі мен ылдйып
Қазақ елі Күншығыста ең жатқан,
Шырқап шаттық, шабыт толы жыр-күйін
Алматыға жолдап жатыр жан-жақтан.

Москваның даусы жетіп алыстан,
Қызыл Алаң қасымызда тұрғандай.
Коммунизм туы астында табысқан
Мызғымайтын тұтас елміз біз қандай!

Қандай қутты біздің байтақ береке,
Қыял сірә осы өмірден көркем бе!
Шаттық шалқып, дүрілдейді мереке,
Күлімдейміз тура қарап Ертеңге.

Гүл-жапрақ, шәйі-жібек оранып,—
Күн көсемнің нұр күлкісі секілді,
Май құлпырып келді тағы оралып.
Самалына тостым тағы бетімді.

К. ШАНҒЫТБАЕВ





ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің
айына бір рет шығатын балалар журналы

Шығуына 13-жыл.

№ 5

М А Й

1951 жыл



Май гүлі.

Фотохуд П. Редьконікі





СЪЕЗДЕН СЪЕЗГЕ

СЕН — ЕРТЕН КОМСОМОЛ МҮШЕСІСІН

1948-жылы июнь айында Қазақстан комсомолы тарихында елеулі уақыт болды. Соғыс салдарынан ұзақ уақыт кейінге қалып келген 4-съезд ашылды. Бұл съезд республика комсомол-жастарының ұзақ жылдар ішіндегі ерлік ісін, тамаша жеңісін қорытты. Сонымен қатар комсомол ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктерді ортаға салып, алдағы уақытта жұмысты жақсы істеудің жолдарын көрсетті.

Міне, содан бері 3 жыл өтті. Еліміздің, оның ішінде республикамыздың өмірінде ұлы өзгерістер болды. Халық шаруашылығымыз бейбітшілік жолмен өркендеп, өскен үстіне өсіп келеді. Байтақ Отанымыздың ұшы-қыйырсыз кең өлкесі жаңарып, жасыл ормандарға бөленіп отыр, коммунизмнің алып құрылыстары салынып жатыр.

Бұл үш жыл ішінде Қазақстан комсомолы өмірінде де елеулі уақыттар болды. Республиканың комсомол-жастары большевиктер партиясының басшылығына сүйене отырып, Отанымызды гүлдендіру жолында бүкіл Одақтың жастары сыяқты, алдыңғы сапта қажырлы еңбек етіп, республикамыздың өндіріс орындарында, колхоз-совхоз даласында, оқу майданында комсомолецтер данққа бөленуде, қалың көпшілік жастарға жетекші, жақсы бастама-ларға ұйтқы болуда.

Ленин — Сталин комсомолы күн сайын нығайып марқая түсуде. Оның қатары еліміздің ең тандаулы жастарымен толығып отырады. Ол кәзір Ленин-Сталин комсомолының 385 мыңдық алдыңғы қатарлы отрядына айналды. Сен жақсы оқысаң, тәртіпті, іскер, адал, саналы, қоғамшыл болсаң, өзіңе жүктелген міндетті мүлтіксіз орындасаң, еліміздің алдыңғы қатарлы жасысың демек, сен комсомол қатарына өтуге лайық жеткіншексің.

Партиямыздың жауынгер жеткіншегі — комсомолға мүше болу зор мақтаныш. Оған кім, көрінген мүше бола алмайды. Бұл — озаттар ұйымы. Сен келешекте кім болғын, қандай мамандықты игергің келеді? Бәрі бір. Сен осы ұйым арқылы тәрбиеленіп баруға тиіссің. Бұл

ұйым сенің өсуіңе, білім алуыңа, саналы азамат болуыңа көмектеседі, отаншыл сезімге, өнерге, іскерлікке, алғырлыққа баулыды. Сондықтан да, әрбір тандаулы жас бұл ұйымға кіруге асығады. Онысы өте орынды, заңды талап.

Біздің Қазақстан комсомол ұйымдары кәзір тағы да бір елеулі кезең үстінде. Алдымыздағы июнь айында Қазақстан комсомолының 5-съезі ашылады. Бұл съезге елеулі табыспен баруға әрбір жас ұмтылып отыр. Сен қандай табыспен қарсы аласың, оқушы? Бұл жайында ойланған да боларсың. Мүмкін, сенің тартуың күнілгері әзірленген де болар. Сөз жоқ, сен де, сенің жолдастарың да бұл жайында кеңестіңдер. Жаппай жақсы оқумен, комсомол қатарына түсумен жауап берейік деп келіскен де шығарсыңдар.

Ал, біз сендерге Алматы қаласындағы 54-орта мектептің оқушылары бұл күнге қандай дайындықпен келгенін айтпақпыз. Мұнда үш жыл ішінде яғни екі съезд арасында қандай өзгеріс болды? Соны айтайық. Олай болса, әңгімені басынан бастайық.

ОЛАР ПАРТАҒА ОТЫРДЫ

Ол бұдан 3 жыл емес, тіпті одан да бұрын еді. Латиф ағай қазақ ертегілерін нашына келтіре оқып жөнелгенде, кішкентай Сәуле ұйып тындап қалатын.

— Мен қашан өзім оқып алар екенмін? — дейтін ол қызығып. Шіркін, осындай жылдам оқысам!..

Сәуле жетіге шықты. Асыға күткен күн де келді. Ол тұңғыш рет мектеп табалдырығынан аттап, тұңғыш рет партаға отырды. Аулада бірге ойнайтын, балалар бақшасына бірге баратын балалар да өзі сыяқты, мектепке келіпті. Бірақ, класта бұрын көрмеген балаларға да кездесті Сәуле, солардың бәрімен де тез достасып кетті. Люда, Галя, Диляра, Валя...

Содан бері төрт жыл өтіпті. Кәзір Сәулеге: — Арманына жеттің бе? — десен, ол сәл уялғандай болып, күлімсіреп төмен қарайды.

Оның бір кездегі оқып білсем деген арманы бұл күнде артта қалған, одан өзі әлде-қайда озып кеткен. Енді ол ғылымның сырын білсем

-ау деп талпынады. Мектеп табалдырығын аттағалы жақсы оқып келе жатқаны да сол білім шыңына құлашын созудың айғағы ғой. Рас ол әлі бұл шыңның биігіне көтеріле алған жоқ. Бірақ, талпынған адамға ол күн де алыс емес қой. Айлар өтеді, жылдар өтеді. Сәулелер білім шыңының бір кездерде ұшар басында жүрер... Оған кім шек келтіреді?.. Ойлап отырсақ, біздің келешек қандай қызық! Әр қайсының алдында ұлы болашақ жатыр-ау, оқушы!

Жә, әңгімемізге оралайық. Қазақстан комсомолының 4-съезі болған жылы 54-мектептегі ең кішкентай оқушылар осы Сәулелер еді.

Енді солардың бүгінгіне көз жібер.

ОЛАР — ПИОНЕР

Әркімнің өмірінде ұмытылмас күндер болады. Сәуленің, Люданың, Галяның, Диляраның, Валяның және олардың құрдастарының өміріндегі ұмытылмас сондай күннің бірі—үстіміздегі оқу жылы. Бұл, ұмытпасак, 5 ноябрь күні еді. Ұлы мерекеге деген әзірлік жұмысы мектепте қайнап жатты. Бір топ оқушылар сол мерекені бүгін-ақ бастағандай. Олар өте қуанышты. Әрқайсысының қолында төңірегін әдемі суреттер көмкерген, нақ ортасында жас пионердің салтанатты уәдесі жазылған қағаз. Олар сапта тұрып, аға вожатый Мария Федоровнаның оқыған сөздерін бір ыстық сезіммен қайталайды.

Міне, олар өзі берген уәдеге қол қойып, аға вожатыйға ұсынды. Мария Федоровна Диляраның мойнына қызыл галстукты байлап болып:

— Ленин-Сталин ісі үшін күреске дайын бол! — деді.

— Әрқашан да дайынбыз!..

Бұл топ өзімізге таныс Сәулелер еді. Олар ұлы мерекені пионер болып қарсы алды. Ал, пионерге кімдердің алынатынын сендер жақсы білесіңдер, балалар! Өнегесіз оқушы пионер бола алмайтыны ежелден мәлім.

ВОЖАТЫЙ ОТРЯДҚА КЕЛДІ

1948 жылы Алла Мезенцева пионер еді. Өткен жылы ол да Сәулелер сыяқты зор қуанышқа бөленді. Ол пионерден комсомол қатарына өтті. Әр бөбекке пионер қатарын өту қандай арман болса, әр пионерге комсомолға түсе де сондай арман емес пе... Алла дегеніне жетті.

Комсомол Алланы көп ысылдырды, іске үйретті. Ой өрісін кеңейте түсті. Әрбір комсомол жыйналысы екінші мектеп болды, әрбір комсомолдық тапсырма іске жетілдірді. Үздік оқумен қатар, ол мектептегі белсенді іскер оқушының бірі болып алды.

Комсомол комитеті бір күні оны шақырып алып, оған аса жауапты іс тапсыратынын білдірді.

— 5 «А» класындағы отрядтың вожатыйы етіп тағайындағымыз келеді. Оған қалай қарайсың?

— Қолымнан келсе... — деді Алла күбірлеп.

— Қолыңнан келеді, көмектесеміз.

Комитет, шынында да, көмектесе білді.

— Мен жұмысты қалай істеймін деп қысылмаймын. Маған мұғалімдер де, комитет мүшелері де ақыл беріп, жөн сілтеп отырады,—дейді вожатый Алла Мезенцева.



Дружина советінің мәжлісі. Пионер Ляля Рыжкова комсомол қатарына өтуге кепілдеме алып тұр.

Алла отрядтың алғашқы жыйындарының бірін «Батыл адамдар» кинокартинасын талқылаудан бастады. Ең алдымен отряд пионерлері бұл фильмді ұйымдасқан түрде барып көрді. Содан кейін бос класқа жыйналып, алған әсерлерін ортаға салды. Әсіресе, жылқышы бала Сережа туралы пионерлер көп пікір алысты. Артынан тіпті талас туып қалды.

— Сережа комсомолец, — деді бір пионер.

— Комсомолец емес, — деді екіншісі.

— Жок, комсомолец.

— Комсомолец емес...

— Сережа комсомолец. Оған дау жоқ. Батылдық, ерлік, төзімділік — комсомолецтердің бойына сіңген қасиет. Демек біз оны комсомолец деп есептеуіміз керек, — деді бір пионер.

Пионерлер өзара бір қорытындыға келе алмай вожатыйға карады.

— Сенікі дұрыс, — деді Алла жаңағы пионерге, — Сережа нағыз комсомолецтің образы. Комсомолецтің сырын білгің келсе, соның жүрегіне үңіл.

Пионерлердің көз алдынан Павел Корчагин, Краснодон батырлары, Әлия Молдагулова, Маншук Маметова, Төлеген Токтаров, Александр Матросов... өтті. Комсомолецтердің ісі әр жүрекке ерлік күйғандай болды.

Комсомол қатарына қосылу — ерлердің сабына түру екенін әр пионер мықтап ойланған да болар.

Я, комсомолец болу, комсомол сенімін ақтау — зор мәртеба ғой.

ДРУЖИНА КЕПІЛДЕМЕСІ

Сағат алты. 6 жас жүрек асыға соғады.

Кәзір бірер минуттен кейін дружина советінің мәжлісі басталады. Бұлардың 3 — 4 жылдық пионерлік істеріне баға беріледі; мектеп аясында, пионер қатарында өткен бірнеше жылдық жемісі алға салынады...

— Бұдан емтихан тапсырған әлдеқайда жеңіл-ау, — дейді Жанна жанындағы Дусяға.

— Соның рас, жүрегім лүпілдеп тұр тіпті.

Пионер бөлмесіне тыныштық орнады. Дружина советінің председателі Бондаренко мәжлісті ашық деп жариялады.



Пионерлер — оқу озаттары С. Әшкеева, Л. Евдокимова, Г. Загиневская, Д. Гаипова.

— Күн тәртібіндегі бірінші мәселе Ленин—Сталин комсомолы қатарына өтемін деуші пионерлерге кепілдеме беру. Бірінші Людмила Рожкова... Людаға қандай сұрақ бар?

— Өмірбаянын айтсын.

Люданың өмірбаяны өте қысқа. Ол 1935 жылы қызметкердің семьясында Ферғана қаласында туды. 1944 жылы Отан соғысы күндерінде тұңғыш рет мектепке келді. Содан бері ол әр класта үздік үлгіріп, алты мақтау грамотасын алды. 1945 жылдан пионер. Содан бері отряд советінің председателі болып сайланып келеді.

— Комсомолға түсудегі мақсатың қандай?

— Ленин комсомолының қатарында бейбітшілік үшін, Совет Одағының сәулетті болашағы үшін күрескім келеді.

Дружина советі пионердің саяси сауаттылығын да байқайды.

— Коммунизмнің ұлы құрылыстары жөнінде айтшы.

Люда Куйбышев, Сталинград су электр станциялары мен Түркмен Бас каналының, Солтүстік Қырым каналы мен Еділ-Дон каналының халық шаруашылығындағы маңызын жақсы баяндап береді.

— Біздің еліміз, халқымыз соғысты тілемейді. Осындай ұлы құрылыстар салуды тілейді, — дейді ол.

— Люда жөнінде қане кім айтады? — дейді Бондаренко.

— Рожкова — үлгілі пионер, оқу озаты, активист. Бірақ, 7-класс пионерлерінің бір кемшілігі бар. Соны қатты ескеруіміз қажет. Өйткені

ні, бұл класта кейбір пионер физкультура сабағына арнаулы костюм киіп келмей жүр. Бұл пәннен сабақ үлгіру де төмен. Отряд советі бұл кемшілікті тез арада жою керек. Менің ұсынысым — Людаға комсомол қатарына кепілдеме берілсін, — деді Лиза.

Дружина советі мүшелері түгел қол көтерді. Люданың жүзі нұрланып, алға қарайды. Осы қарағанда ол өзін комсомолдың алдыңғы сапынан іздейді. Ол, сөз жоқ, комсомолдың үлгілі мүшесі болады.

Біз бір пионердің ғана кепілдеме алғанын баяндадық. Қалғандарына да дружина советі зор сенім білдірді, комсомолға өту үшін оларға кепілдеме берді.

Бұл, Лиза Чайкинаның атындағы дружина комсомолға лайықты адамдарды тәрбиелеуді өзіне үлкен аброй санайды. Бұл мәселе жөнінде бастауыш комсомол ұйымының ағалық қамқорлығы мен көмегі ұдайы сезіліп отырады.

Мектептегі, комсомол ұйымы — мұғалімдер коллективінің оң қолы. Оқу-тәрбиі жұмысында ол әрқашан да көмекші. Сен әрдайым оның көмегін сезіп отырасың. Сенің ұстазың мұғалім болса, ағаң осы комсомол ұйымы.

Ол сені жақсы оқуға, үлгілі адам болуға тәрбиелейді, пионер. 4-съезден бергі аз жыл ішінде оның қата-

ры бұрынғыдан да нығайып, өсе түсті. Әрбір тандаулы пионер, оның қатарына қосылуда. Қазір бұл ұйымда 173 мүше бар. Бірен-сараны болмаса, бұлар түгел дерлік алдыңғы сапта, өзінен кейінгі буынға үлгі көрсетуде. Сабақты жақсы оқыйды, ол ғана емес, жолдастарына көмектеседі. Пионер достар, сені алдыңғы сапта — өз қатарына қосуға бастайды олар.

Комсомол комитеті өзінің мүшесі Лена Холлинаны комсомолға өтуге тиісті пионерлерді даярлауға бөлген. Лена мұндай пионерлермен әр апта сайын тиісті сағатта әңгіме өткізеді. Ол Ленин — Сталин комсомолының даңқты тарихымен, уставымен таныстырады. Оларға халықаралық жағдай мен еліміздегі жаңалықтарды, бейбітшілікті жақтаушылардың қажырлы күресін баяндайды.

Қазақстан комсомолының 5-съезі қарсаңында дружина 37 пионерге кепілдеме берді. Олар БЛКЖО қатарына алынды. Комсомолецтер мен пионерлер ҚЛКЖО-ның 5-съезін оқу жылы ойлағыдай аяқталумен, түрлі қоғам жұмысына белсене араласумен қарсы алғалы отыр.

М. ӘЛИМАНОВ



ЛАУРЕАТ ҒАЛЫМ

Жақында ССРО Министрлер Советінің Сталиндік сыйлықтар беру жөнінде жарияланған қаулысында Қазақстан ғалымы, Қазақ ССР Ғылым Академиясының толық мүшесі профессор Илларион Григорьевич Галузоның өсімі аталды. Илларион Григорьевич Галузоға Сталиндік сыйлықтың лауреаты атағы «Қазақстан жеріндегі қансорғыш кенелер» деген кітабы үшін берілді.


Қансорғыш кенелердің адамға қандай зияны бар? Қансорғыш кенелер өте қауіпті. Кене шаққан адам энцефалит ауруына шалдығады. Бұл ауру — адамның нерв жүйесіне залалын тигізіп, сау адамды мүгедек етуі мүмкін. Энцефалит ауруынан адамдар кейде өліп те қалады. Кене шағуынан бруцеллез ауруы таралады. Бруцеллезбен адам, сыйыр, қой және шошқа ауырады.

Мал шаруашылығына тейлериоз және пироплазмоз індеттері (жылқы және сыйыр

ауырады) үлкен зыян келтіреді. Бұлар да кенеден тарайды.

Осы індеттердің бәрі де, бруцелл, тейлери, пироплазм деп аталатын өте ұсақ, тек микроскоп арқылы ғана көруге болатын паразиттерден пайда болады. Бұл паразиттер қанда болады, сонда тіршілік етеді. Ал, микроскоп арқылы ғана көрінетін кішкентай паразиттер сау малдың немесе адамның қанына ауруды қалай жұқтырады?

Совет ғалымдары бұл мәселені де шешті. Ғалымдардың анықтауынша, әлгі індеттерді тарататын кенелер екен. Кенелер ауырған малды шаққанда, оның қанын сорады, қанмен бірге қан паразиттерін сорады. Ал, кенелердің өздері бруцеллезбен де, тейлериозбен де, пироплазмозбен де ауырмайды. Ауырған малды сорғаннан кейін кенелер сау малды немесе сау адамды шақса, ауру соларға жұғады. Түрлі кенелер түрлі ауру таратады.



Галузо Илларион Григорьевич лабораторияда.

Илларион Григорьевич көптеген экспедицияларға қатысып, қансорғыш кенелердің тіршілігі мен өсіп-өну жолдарын ерінбей-жалықпай зерттеді, қай ауданда кененің қай түрі мекендейтінін анықтады. Илларион Григорьевичтің Сталиндік сыйлық алған кітабы—малдәрігерлері үшін бағалы құрал.

Галузонның қансорғыш кенелер тарататын аурулармен күрес жөніндегі зерттеулері көптеген жылқы мен сыйыр малын апаттан сақтап қалады.

Илларион Григорьевич—аса ірі ұйымдастырушы, Қазақстандағы паразитология ғылымының жетекшісі. Ол 1937 жылы Қазақстанға келіп, өзінің ғылыми жұмысын паразитология лабораториясын ұйымдастырудан бастады. Көзір сол лаборатория Қазақ ССР Ғылым Академиясы зоология институтының ірі секторына айналды.

Бұл секторды Илларион Григорьевич үздіксіз басқарып келеді, сектордың бес лабораториясы бар. Атақты ғалымның басшылығымен сектор ауылшаруашылық малдарының және жабайы хайуандардың індеттері жөнінде көптеген ғылыми зерттеулер жүргізуде. Ғалымдар паразиттердің тек қан

ішінде ғана болып қоймай, малдың шеккарнына да үймелейтінін тапты. Көзір паразиттерді жаюшы кенелермен, бүгелектермен, сәйгелдермен күрес күшейтілуде.

Сөйтіп ғалымдар ауылшаруашылық малдарын және жабайы хайуандарды өлім-жітімнен аман сақтауға белсене атсалысып отыр. Сондай-ақ адамдар арасында жұқпалы ауруларды өршітетін паразиттер зерттеліп, олармен күресу жолдары белгіленуде. Илларион Григорьевич барлық ғылыми жұмыстары мичуриндік биология ғылымымен шебер ұштасқан.

Илларион Григорьевичтің басшылығымен паразитология секторының қызметкерлері екі жүзден аса ғылыми еңбек жазып жариялады. Ал, лауреаттың өзі 80нен аса еңбек жазды.

Балалар! Қарапайым шаруаның баласы Илларион Григорьевич Галузо ғылыми өмірдің қатал мектебінен өтті. Кездескен қыйыншылықтарды батыл жеңе отырып, ол ғылым қайраткері болды, отан ғылымын дамытуға елеулі үлес қосты. Білім алуда табанды болуға міне осындай ғалымдардан өнеге алуға болады.

А. СОКОЛОВ,

Қазақ ССР Ғылым Академиясының зоология институтының ғылым секретары.



Әнәж п
недеонд
нвчрду/
-ән ыды
-еяүж в
...ад

Көмбесіндегі құтбыра

С. БАЯЗИТОВ.

Майдың шуақты күнінің сәулесі терезесінен төгіліп тұрған шағындау бөлмеде, кәзірде, Еркін мен Жалғастан өзге ешкім де жоқ. Бұлар жас шамасы да, бой шамасы да бірдей балалар, ауыл мектебінің төртінші класында оқиды. Екеуі де бүгінгі таңертеңнен бас қосып, бірлесіп сабаққа дайындалды да, енді алдағы жазғы демалысты еске алысып, көңілді бір кеңестерге кірісіп кетті.

— Емтихан тапсырып болған соң, не істер екенбіз? — деді Еркін, көңілдене сөйлеп, көшенің көгеріп тұрған ағаштарына көз жіберіп.

— Не істеу белгілі емес пе, жорыққа, өлке тану саяхаттарына шығамыз. Өзіміздің айналамызда біз білмейтін алқаптар, жерлер, сай-жыра, қойнаулар, төбелер бар. Зерттейміз, сырларын ашамыз, деген жоқпа пионер вожатый.

— Жалғас, сен білемісің, — деді Еркін, досына күлімдей қарап, — мен оскенде геолог боламын ғой, жердің қойнау-қойнауларын ақтарып асыл қазыналар іздеймін.

— Мен барлаушы боламын, — деді Жалғас. Вожатый ағай жазғы саяхат барлаушы болуға үйретеді, деді. Және жазғы саяхатқа осы уақыттан дайындалып жүруіміз керек, дейді.

— Оған қандай дайындық керек? — деп күлді Еркін.

— Неге керегі жоқ. Морзе әліппесін, жол белгілерін үйрену керек. Дайындықсыз саяхат кұр сергелден де.

— Мен жердің үстін емес, астын барлаймын. Асыл қазыналар іздеймін. Оған ешқандай морзе әліппесі де, жол белгісі де керек емес. Онсызда геологтардың тамаша құралы жер асты кендерін тауып бере алады.

— Жердің үстін білмей, астын білу оңай болмас. Барлаушылар жерді зерттейді, тексереді, мұнда, астын жатыр, мұнда күміс бар, мынау жердең қорғасын, қалайы шығады деп белгілер қояды. Сонынан геологтардың басқа тобымен жұмысшылар келеді. Белгіленген жерге завод салынады, өндіріс орнайды. Белгі болмаса, оны қалай тауып алар еді?

— Картадан тауып алады да, — деді Еркін.

— Сен білесің бе? — деді Жалғас. — Жер беті үздіксіз өзгере береді. Кұм-топрақтар көшіп отырады. Бүгін көрген жерінді ертең танымайсың. Оны қойылған белгімен ғана айырады.

— Ал қыстың күні ше? — деді Еркін көзін сығырайта қарап.

— Қыстың күні де өзгереді, — деді Жалғас.

— Білген екенсің, — деп Еркін қатты күліп жіберді.

— Әрине, өзгереді, — деді Жалғас намыс қысып, қызарақтап.

Қар астында жатып та құм-топрақ көше береді. Мысалы: бір кішкене тәжірибе жасап көрсең... Яғни, былай... мысалы, бір жерге бір нәрсе көмші, көктемде соны таба аларма екенсің...

Жалғастың бұлары ойдан шығарылған сөздер еді.

— Мен бәрібір тауып алар едім, геологтан ешбір қазына жасырынып қала алмайды.

— Жол белгілерін білмесең, бәрібір таба алмас едің, — деп Жалғас ерегестіре түсті. — Сен біздің жол белгілерін үйренетін үйірмемізге қатыс, пайдасы көп болмақ.

— Уақытым жоқ. — деді Еркін нықтап.

— Ой, өзің жалқау екенсің ғой.

— Тапқан екенсің жалқауды. Менің сенікіңдей, «үштігім» жоқ. Соны жойып ал әуелі...

Бұл сөз Жалғастың намысына тиді. Ол кітап салған сумкесін қолына алды да:

— Мен «3»-ті байқаусызда, ретсіз жағдайда алғанмын. Оны да жоямын, жол белгілерін де үйренемін! — деп шығып кетті. Алдынан кездескен Серікке де сәлемдеспеді.

Қолындағы қызыл тысты екі томды столға қойып:

— Жалғасты неге ренжіттің? — деді Серік інісіне.

— Мен есептен алған «3»-тігіңді жой деп едім, ашуланып кетті, — деп Еркін болған жағдайды ағасынан жасырды.

Еркін ойына бір ұмытқаны түскендей, ағасына жалт қарады да:

— Аға, менің күміс шарым қайда? — деді Жалғастың сөзін іс жүзінде сынамақ болып...

...Бұл көктемді Еркін жұрттың бәрінен де қатты аңсап, асыға күткен. Сол күткен күн де ақыры келіп жетті. Бір күні ауылдың шығыс жағында, үш шақырым жердегі «Сарықұмды» бетке ала тартып кетті.



Көктемнің қош ністі лебі, көк шөптері, аспанда шырлаған құстары Еркіннің көңілін өсіріп жіберді. Өзінің төртінші класы өте жақсы аяқтап, енді быйыл 5-ні бітіргелі отырғанын ойлады. Келешегін болжады. Сан қыйлы қыялдарға берілді. Өткен күзді есіне түсірді. Жалғаспен болған әңгімелерден кейінгі жағдайлар.

күзді асыға күткені... Күзде өзінің күміс шарын шайдың қорғасын қағазына орап «Сарықұм» баурына көмгені... бәрі елестеп өтті. Қысты өткізіп, енді күміс шарын алуға бара жатыр...

«Сарықұмға» жуықтаған сайын сәби жүрегінің тулай соғуы да жиілеп барады. Сол жүректе кәзірде қызығу мен құмарлық, аңсау менен тілек бар. Геолог болсам деген ой сәби күннен арманы болса, сол арман соңғы күндері тіпті күшейіп кеткен.

Ол «Сарықұмның» етегіне келіп те жетті. Көзбен бағдарлап келіп, көмбе жатқан жерді де дәл тапты. Ешқандай өзгеріс болмағандай, бәрі баяғы қалпында. Кішкентай төбешіктер де орнынан қозғалмапты. Көмбені тауып, күрегімен оны ашты да, ораулы шарды алды. Қорғасын қағазды жазып аша бастады. Ішінен ақ қағаз шықты. Одан соң шар...

Оның түсі өзгеріп кетті. Көзін жыпылықтатып жіберіп, шарына қайта қарады. Қолындағы өзі көмген күміс шар емес, басқа шар. Енді қолындағы ақ қағазға қарады. Оның бір бетінде мынадай сөздер жазылыпты.

«Қардан көрпе жамылып,
«Сарықұмда» қыс болды.
Еркін көмген күміс шар
Сарғаюмен мыс болды.
Күміс шарды таба алар
Еңбекпен ғана геолог.
Оқы, үйрен, ұғып ал,
Білімсіз ешбір өнер жоқ».

Өлең сөздің астына шым-шытырық белгілер, цифрлар жазылған. Жұмбақ жазуға Еркін түсінбеді. Оған бас қатырып та жатпады. «Мұны істеген кім болды екен?» деп ойлады ол. Көк бүршік жара бастаған бұталардың арасынан, кенет, Жалғастың звеносындағы пионерлер шыға келісті.

«Жерден шықтыңдар ма?» дегендей достарына тандана қараған Еркінге:

— Сенің ертемен сапарға шыққаныңды көріп жыйналдық та, ізіңмен жүріп келдік, десті олар.

— Қалай ізшілсіңдер? — деп танданды Еркін.

— Бұл не? — деп сурады Жалғас, қорғасын қағазды көріп.

— «Байқау», сенің ақылыңмен болған жұмыс. Күміс шар көміп мыс шар алдым, — деді Еркін жымыйып. Ол Жалғасқа хатты алып берді. Жалғас хатты оқып тұрды да:

— Мұнда қызық мәселе жазылыпты, — деді ол балаларға. — Бері жақындандар. Коля, карта мен компасты әкел. Құпияны шешеміз.

Балалар дөңгелене отырып, картаға үңілісті.

— Хатта азимут 24° делінген, ол бағытта кішкене төбешік көрсетілген. Баратын жолдар белгіленген. Зор ептілікпен айыра біліп, төбешікті дәл тауып алу керек. Төбешіктегі белгілер бойынша көмбені табудың мүмкіндігі туады. Төбешікті табуға жаппай аттанамыз. Алды-

мен тапқанға бәйге жарияланады. Ал, іске кірісейік! — деді Жалғас.

Оның команда берісі Еркінге ұнап кетті.

— Шынымен тауып аламыз ба? — деді ол Жалғасты құшақтай алып.

— Сөзсіз табамыз, — деді Жалғас.

— Жер шамасы қанша делінген? — деді Коля айқайлап.

— 300 метр шамасы...

— Белгі бар, солға таман жүріңдер депті, — деді балалардың бірі.

Еркіндер солай қарай беттеді. Қатар тізілген төрт тас жатыр. «Бұл төрт метр жерде белгі бар деген сөз ғой», — деді Жалғас.

Төрт метр жерден көмілген шыны табылды. Ішінен бір жапырақ қағаз шықты. Онда:

«Күрескер жан ойға алған ісін орындамай тынбайды. Оның арманы аяқсыз қалмайды. Пионер өмірі деген қызық-ақ. Одан сырт қалмаңдар. Еркінді орталарына алыңдар. Жалған айтуға жуымасын. Үйретіңдер!» — делті. Хаттың соңында есептер, морзе әліппесімен жазылған сөздер бар. Бәрі есептеп шығарып, осы маңнан алыс емес тағы бір белгі болу керек, — десті.

— Белгіні табыңдар! — деп команда берді Жалғас.

— Бұл қызық болды-ау, — деді Еркін.

— Әрине, қызық, — деп күлді Жалғас та.

— Мен де үйірмеге қатысамын. Сен маған жол белгілерін, морзе әліппесімен, жалаумен сөйлесуді үйренуге көмектес.

— Әрине, көмектесемін.

Көмбені табу оңай жұмыс бола қойған жоқ. Дегенмен балалар да таппай қоймады. Жас барлаушылар жол белгілерін тамаша шеберлікпен айыра отырып, көмбенің үстінен шықты. Ол да қорғасын қағазға оралған. Шармен қоса хат та шықты. Жалғас дауыстап оқыды.

«Жас барлаушы, — делінген хатта, — өзіңнің тамаша тапқырлығыңмен көмбені таптың. Сен табиғаттың да талай сырларын ашасын әлі. Бұл үшін білім керек. Оқу, үйрену, білу керек. Алыста алтын көмбе жатыр. Жолы қыйын. Бірақ жастық жігеріңді аямай сарп етіп талаптансаң, ұмтыла берсең, жетуің де алтын көмбені ашатының да сөзсіз. Осыны ұқ, пионер». Хаттың соңына «Серік» — деп қол қойыпты.

— Серік..

— Сенің ағаң! — десіп балалар Еркінге қарап шуласа күлісіп кетті.


— Көрген жоқ еді, қалай тапты екен? — деді Еркін.

— Білімді адам бәрін табады, — деді Жалғас.

Төбеде тұрған Коля дүрбімен ауыл жаққа қарап жүр еді, Жалғастарға айқай салды:

— Ауылдан көп бала шықты. Бастаушы Серік ағай мен аға жоғатып, — деді.

— Звено, сапқа тұрыңдар. — деп команда берді Жалғас. — Бүгінгі саяхатымызды, алғашқы барлауымызды аяқтаймыз. Сонау келе жатқандарды қарсы алайық. Ән айтыңдар!..





Биббой

Н. ҒАБДУЛЛИН.

Әңгіме

Суреттерін салған А. Воеводиң.

Таңсаріден басталған жұмыс әлі тоқталған жоқ. Тым-тырыс қапырық күн. Таң алдында аздап пайда болған бұлттар түске тарта бет-бетімен бытырап, тарап кеткен. Тек әлде қайда алыстан түтілген ақ түбіттей жіңішке ақшыл бұлт қана көрінеді. Оның да сұры қашып, шұрық-шұрық тесілген қол шатырдай пана боларлық жайы жоқ. Сәуле бұлт саңылауынан жамырай түсіп, азынаулақ көлеңкесін де жоқ еткен. Күн қызуы жерге найзадай қадалып қыртысын күйдіріп жатқандай. Маңайда сая боларлық не ағаш, не бұта жоқ. Арқасы жалтырап жалаңаш жатқан қу дала.

Ыстықтан қорынып көйлегін шешіп, басына орап алған Биббой қатты сусады. Қара кескіні шаң-топырақпен айғыздалып жылтыраған тісін ғана көрсетеді. Ашық жонын күн қақтап күйдіріп барады. Бұл жолғы үлкен жүк машинасын көптен қалмай уақытында жөнелтер халі жоқ. Өзегі талып, бойынан әл кете бастады. Ол бір күрек құмды машина кузовына зорға көтеріп салды. «Неге толмайды бұл?» Қоңырқай бояулы машина жәшігі Биббойға қан жұтып сұрлана қалған дажалдай көрінді. Ұйпаланған қою қара шашының түбі шайырланып, самайынан төмен сырғый аққан тер жағын қуалап келіп, иегіне жыйналып, төмен домалап кетеді.

Ол анадай келіп тоқтаған жеңіл машинаны жаңа байқады. Үстінде алажолақ костюмы бар Ли Уольтер биік шляпісін еңкейте киіп, құм тиеушілерге қарай беттеді. Ол Биббойды алыстан көріп, қыймылын байқап келе жатқан. Келген бойда Биббойға бұрылып:

— Мүмкін шаршаған шығарсың? — деді аяғансып.

— Жоқ, — деді Биббой. Ол Ли Уольтердің сыйқырлы жүзінен түк те аңғармады.

— Сен жұмысты жақсы істейсің, — деп Ли Уольтер мыйығынан күліп қойды. — Бері қарашы... Өзің айтшы, күннен күнге семіріп келе жатқан жоқсың ба?

Биббой үнсіз тыңдап тұра берді.

— Неге үндемейсің? Сендердің тұрмыстарың өте жақсы емес пе, ә?,.. Бірақ сен бұл тұрмысқа риза емес деседі ғой жұрт. Бұл бала жайында ол бірденелер естіп келген еді.

Ли Уольтердің қулана жымыйып кейін тартыла қалған езуіне көзі түскен Биббой:

— Мен жаман тұрмысты жек көремін, — деп қалды.

Ли Уольтер оған жақындай түсті.

— Сен сол үшін де жақсы негрсің, — деді ол күлімдеп, — айтшы, тағы иелерді ұнатпайсың?

— Мен соғысты жек көрем, — деді бала, — менің әкем өткен соғыста өлген.

— Я, оны естігем... Соғысты жек көретініңді де білемін. Сені желіктіріп жүрген кім? Маған соны айт! — Оның бетіндегі күлкі ізі әп-сәтте көзден ғайып болды.

— Жоқ, — деді Биббой сасқалақтап, — ешкім де желіктірген жоқ.

— Мм!.. — деді Ли Уольтер. Ол түксіп, тікелей қасын төмен түсіріп жіберіп, Биббойға сүзе қарады. Оның сопақша беті, ілгері қарай үшкірлене біткен

мұрны қасында еркелеп келе жатқан ақ итінің сүйір тұмсығындай еді. Ли Уольтер Биббойға енді ашумен түйіліп, арыс етіп ала түскелі тұр.

Қожасының ызғарлы суық түсінен жасқанған Биббойдың күрек ұстаған қолдары қалтырап кетті. Тас аралас ауыр құмды биік машина кузовына көтеріп лақтырып тастай алмай, шашып алды.

— Шапшаң, шапшаң! — деді Ли Уольтер оған жекіріп. — Саясат сенің не теңің? Жөнелт тез машинаны! — Ол Биббойды таяғымен түрткілеп: — Тез-тез! Жалтақтама, қара күшік! Тек жұмысты біл! Соған жаралғаныңдар сендер, ұқтың ба? — деді.

Биббой үндемеді. Ересек жұмысшылармен бірге таң атқалы машинаға тоқтаусыз құм артқан 16 жасар негр әбден қалжырады. Әлі бітіп аяғын теңселіп басады. Кеше түннен бері тамақ түспеген іші қабысып, жүрегі де қарайып төмен тартып барады. Бір кез көзі бұлдырап, басы шыр айналып кеткендей болған Биббой сүрікіп кетті. Маңдайы тасқа тие жаздап, күрегіне сүйеніп қайта түрегелді. Оның қарсы алдында өңі қара күреденіп ақ нәсілдің адамы — Ли Уольтер тұр.

— А, қулық еткің келеме сенің? — деді ол Биббойға ашумен булығып төніп кеп. — Үйрету керек сендерді!

Осы сәт оның қолындағы таяғы жоғары көтеріле беріп, шүйіліп келіп Биббойдың ораулы басына сарт етіп тиіп қалды.

Биббойдың көз алды тұманданып түк көрмей кетті. Айнала төңірек әлде бір ғажайып алып күш дінгегінен айналдырып жібергендей болып, шыр дөңгеленіп аударылып бара жатты. Құз жардан тұңғыйыққа сырғып кеткен адамдай жан ұшырған Биббой қолдарын ербендетіп:

— Өл...дім... — деді де шалқалай беріп құлап түсті...

Биббой содан кийін не болғанын білмеді. Бір кезде есі кіріп, көзін ашса, қарыш-қарыш құмға қадалып, тасқа тиген күрек шақыры да, гүрілдеген машина даусы да естілмейді. Қою түп қараңғылығы алды-артын орап, түк көрсетпей анталап тұр. «Қайда жатырмын?» деп ойлады Биббой. Биіктегі жымындаған жұлдыздар ғана бишара негрге құлақ түріп сырласқандай, көмескі жарығын тура бетіне түсіріп «тұр Биббой» дегендей болады.

Тілсіз түн құшағында ессіз қалған кішкентай негр біркезде басын көтеріп маңына көз салды. Күндізгі жайлары есіне түсіп, жас тәні тітіркеніп кетті. Ауру анасы мен қарындасы Айсатаның жүдеу қалпы көз алдына елестеп, алдағы буалдыр күндеріне көз жіберді.

Ол орнынан зорға тұрып үйіне қарай беттеді. Жол бойы «Мені ғой жұмыстан шығарады, ауру анам мен Айсатаны енді қалай асыраймын?» деген хауіп оның ойынан кетпеді.

— Жыламашы, Айсата, — деді Биббой тамақ ішкісі келген қарындасын аяп. Ол Айсатаны сөзбен жұбатпақ болды.

— Айсата, мен сарап кеше көп әңгіме айтып едім ғой, ұмытқан жоқсың ба? Неге үндемейсің?.. Білдім, сен ұмытып қалған екенсің, — деді күліп.

— Жоқ, — деді Айсата кенет, — ұмытқам жоқ.

Ол Айсатаның үрпиген шашын қолымен тарап жөп-деді де:

— Сен ақылдысын, Айсата, — деді қарындасына, — сен әдемісің.

Ол қыз баланың иіліп біткен жіңішке қасына, қап-қара болып мөлдіреп тұрған көздеріне, әдемі дөңгелек келген жүдеу жүзіне аянышты көзбен сүйсіне қарады.

— Биббой, — деді Айсата оның ойын бөліп, — қарным ашты.

Қыз баланың көз бұрышында кішкентай түйір жас тұр еді, қырлана біткен мұрнының ығын қуалай төмен домалап кетті.

— Айсата, — деді Биббой. Ол мазалама дегендей үнсіз қозғалмай жатқан ауру ананы көрсетті. Айсата жылауын қоя қойды.

— Біз далаға шығып келеміз, — деді Биббой анаға бұрылып. Ол қарындасын жетектеп тысқа шықты.

Ауру ана олардың үй-үйдің терезесінің түбінен қалған-қутқан бірдеме табылмас па екен деп, көшеге тамақ іздей шыққандарын ішінен сезіп жатыр. Биббой өткен жолы Ли Уольтердің таяғынан талықсып далада қалған күннің ертеңіне жұмыстан қуылған. Содан бері баласы дайындаған азын-аулақ жылымшы сорпа да аузына тимеді оның. Күннен-күнге нашарлап, ауруы мендеп кетті. «Бір бейнетке кез болмаса жарар еді» деп ойлады балаларының жолын тілеген ана. Оның тынысы тарылғандай болып, демі үзіліп шықты.

Биббой мен Айсата үйден біраз ұзап шығып кеткен еді.

— Енді қайда барамыз? — деп сұрады Айсата.

— Станцияға, — деді Биббой.

Олардың станцияға келуі жалғыз бүгін ғана емес. Көше бойынан ештеме таба алмаған аштар күнде осында келіп, вокзалдың айналасында сыртта жолаушылар отыратын жерлерді жағалай шолып, мүжілген сүйектер мен жонып тасталған нанның күйік кесінділерін, шала желінген жеміс қалдықтарын теретін. Мұндайлар кей күндері көбірек табылып, балалар қуанысып қалатын. Бүгін де сол мақсатпен келеді екеуі.

— Көп тауып аламыз ба, Биббой? — деді Айсата келе жатып. Биббой оны қолынан тартып тоқтатып:

— Сен дауыстай берме. Бізді бұл арадан кезір қуып жібереді, — деп сақтандырды.

Олар үлкен қоршауды айналып өтіп, жүргіншілер тоқтайтын жерлерді аралап, жерден жидек іздеген адамдай төменге көз жүгіртумен болды. Бір жақта өздеріне ұқсаған арық балалар шұқырға жыйналып, іркіліп қалған тұщы жуынды суды тот басқан ескі консерві қаңылтырымен ішіп жатыр. Олардың ортасынан күнде осы арада тамақ іздеп жүретін ұйпаланған сары шашты жетім баланы Биббой бірден таныды. Оның есіне бір жұмысшы айтқан сөз түсті. «Жалақы», «бейбітшілік» деген Американың әрбір жұмысшысын Ли Уольтерлер ит етінен жек көреді». «Мүмкін бұл баланың әкесі сол үшін, ұсталған болар» деп ойлады Биббой.

Өзінің неге келгенін ұмытып кеткен Биббой Айсата атын атап шақырғанда бір-ақ қарады. Қыз бала тырбылған нәзік саусақтарымен темір діңгектің түбін тырналап жатыр.

— Биббой, — деді ол тез сөйлеп. — Мен олжа таптым, міне көр...

Жас қыздың кірлеген қара қошқыл жүзі болмашы қызғылт тартып, сәби көздері күлімсіреп тұр. Ол қопарған топырақ арасынан шала желінген жеміс қалдықтары көрінеді.

— Көрдің бе, Биббой, мінеки, — деді Айсата, ағасына балшыққа көміліп, сырты көгерген лимонның



жартысын көрсетіп, ол, тізесіне жетер-жетпес кір көйлегінің етегіне лимонды суртті де, аузына салды. Ашыққан қыз қомағайлана асап, шала шайнап жұтып жатыр. — Биббой, — деді ол ағасына, — мә, сен де же! — Ол жеміс қабықтарының арасынан жұлқа-жұлқа болып қалған тағы бір лимонды ағасына ұсынды. Биббой шетінен бір тістеп көрді де, жиіркенгендей тыжырына қалды. Жұрт аяғының астында көң-қоқырға араласып, сыз топраққа былғанып жатқан лимонның дәмі оның жүрегін айнытып, құсқысын келтірді. Бір-екі лоқсып қалып, тына қойды.

Жас Айсата ештеме аңғарған жоқ. Ол барлық лимон қалдықтарын, картоп қабықтарын жыйнап-теріп мойнындағы кішкентай дорбасына салды. Жұмыс үстінде өзі де тойып алды. Енді су іздегендей орнынан тұрып, манағы топ бала үймелеген шұқырға бет ала беріп еді:

— Айсата, — деді Биббой оны тоқтатып. Ол станция алаңындағы қарулы полицейскийлерді көрсетіп, қарындасының құлағына, — кетсек қайтеді осы арадан, — деп сыбырлады.

Полицейскийлерді жаңа байқаған Айсата қатты қорықты. «Кезір ұстап алып қамап қояды екен» деп ойлады ол. Пана іздегендей Биббойға тығыла түсті.

— Тез кетейік, — деді Биббой.

Екеуі арттарына жалтақ-жалтақ қарап, қоршау сыртына шықты да оңға бұрыла беріп, үлкен ақ үйдің тасасына түсіп көрінбей кетті.

Қаланың шет жағындағы тым нашар үйлердің көпшілігінде негрлер тұратын. Екеуі солай қарай асыға жүріп, үйлеріне тез жетті. Кішкене дорбасын жоғары көтеріп, бүгінгі олжасына қуанғандай Айсата табалдырыққа жүгіріп шықты.

— Тоқташы, — деді Биббой оған, — мынау біз кеткенде жоқ еді ғой.

Айсата Биббой нұсқаған жаққа қарады. Аласа есік маңдайшасында төрт бұрышты жұқа қаңылтыр тұр. Ондағы ірі жазуларды қаншама үңіле қарағанмен Биббой танып алмады. Онда былай деп жазылған еді: «Бұл үйдің тұрған адамдары мемлекетке пайдасыз адамдар болғандықтан қуылып, үй адал еңбек ететін негр жұмысшыға жалға сатылады».

Түрлі ойға шомған Биббой тұла бойы ауыр тар-тып, есікті ақырын ашып ішке кірді. Халін білмекке ауру анасына келді. Оның артынша үйге жүгіріп енген Айсата:

— Апа, — деді дауыстап, — біз келдік. Ол жырым-жырым кішкене дорбасына қолын салып, картоп қабықтарын шығарып жатыр. — Көзір саған сорпа істеп береміз Биббой екеуміз.

Бела үнсіз. Солған гүлдей өңі қуарып, ажары тайған. Ұзын тал-тал кірпіктері төмен жығылып, үлкен кара көздері енді ашылмастай жұмылып қалған. Кезерген еріндері бір-біріне сәл түйісіп тұр. Омырауы ашылып, оң қолы төмен салбырап, сыз еденге тиіп жатыр. Басын есік жаққа бұрыңқыраған, мандайынан көзінің алдына қарай түскен жалғыз тал шаш та қозғалмайды.

— Апа! — деді Биббой шошынғандай, — апа көзінді ашы...

Сорлы ана неге үндемейді? Әлде балаларының келгенін білмей шырты уықда жатыр ма?

— Апа, — деді Биббой тағы да.

Биббой Беланың төмен салбыраған қолын көкірегіне басқан күйі ашық омырауына алақанын тигізді. Ананың мейрімді асыл жүрегі соғуын тоқтатқан.

— Апа!...

Биббой жыламсырап, өнбойын «өлген» деген суық ой қарығандай ананың жансыз денесін айналып құшақтай алды.

— Апатай, — деді ол солқылдап жылап, — көзіңді ашып бір қарашы апа — жа-н...

— Биббой! Апа! Биб... — деді үрейленген Айсата. Ол ананы құшақтап жылап жатқан Биббойға жақындап, көздері шарасынан шыға үлкейіп, құшағын жаза беріп тұрып қалды.

Осы кез есікті жүлқый ашып екі адам үйге кіріп келді. Оның бірі— Ли Уольтер еді. Қасында револьвер асынған полисмен.

— Полиция орнына бүгін хабар ет, — деді Ли Уольтер полисменге. Ол ананы көрсетіп сөйледі, — өлімтікті далаға лақтырып тастасын.

Биббой бойына қайрат біткендей жасқанбай орнынан тұрып, Ли

Уольтерге тесіле қарады. «Айуан, — деді ол ішінен, — анамды аштан өлтірген сен».

Ли Уольтер Биббойдың тізесінен сәл төмен түскен жырым балақ шалбарының жыртығынан таяғымен қатты түртіп қалды да:

— Бұл қара сыйрақ бұл маңнан тез қуылуы керек. Саяси сенімсіз адам, — деп сырт айнала беріп, — үй шаруасына жарап қалған екен, алып жүр мына қызды, — деді полисменге.

Айсата жылап жіберді. Полисмен оның алдына көлденеңдеп тұра қалған Биббойды итеріп тастады да, Айсатаның жіңішке білегінен шап беріп ұстай алып сыртқа сүйрелей жөнелді.

— Апа... Биб-бой, — деп шыңғырды Айсата.

— Жауыздар... Босат оны! — деп жанұшыра айқайлаған Биббой есіктен шыға бергенде, полисменнің қолынан ұстай алды.

Сұрланған полисмен аузынан түкірігі шашырап:

— Қоймадың ба сен! — деді бурқырап. Ол мойнындағы револьверін жұлып алып, түбімен Биббойды жақтап салып жіберді.

Бишара Биббой аузы-мұрнынан қан кетіп, табалдырыққа етпетінен құлады.

Биббой қан басып кеткен көзін шала ашып қарағанда, Ли Уольтер отырған жеңіл, кара машина жалт беріп оңға бұрылып кетті. Қарындасының қайғылы үні құлағына еміс-еміс естіліп тұрды...

Биббой бір кез алақанымен жер тіреп, басын көтерді. Оған Луйсвиллдің темір жол станциясы жақтағы үлкен көшесімен қаптай жүріп келе жатқан қалың топ көрінді. Алдыңғы қатардағы жұмысшы қолындағы тұ желбіреп жоғары көтеріліп, халық күшін бір сапқа қолбылғап шақырып тұрғандай. Әр тұстан жоғары көтерілген ірі, анық жазулы плакаттар көп тілегін білдіріп тұр.

«Балаларымыздың еңбегін қанау жойылсын!»

«Біз қайыршылық өмірге, апатқа ұшырататын соғысқа қарсымыз!»

Ол ту ұстаған жұмысшыны алыстан таныды. Бойына зор қайрат біткендей тістеп орнынан тұрып, соған жетуге асықты...



Суретші інім

«Жасымнан жаным сүйетін
Сурет жақсы өнер» — деп,
Хат жазып, салған суретін
Жіберді маған Өнербек.

Сәулетті үй екен салғаны,
Нақыштан тасы өрілген.
Жанында спорт алаңы,
Жасыл бақ жапрақ төгілген.


Кімнің үйі демедім:
Таныдым колхоз мектебін.
Алаңын жасап, терегін
Өзім де бірге еккенмін.

Ізтай МӘМБЕТОВ,

Қазақтың мемлекеттік университетінің студенті.



ӘНІШІ АЗАМАТ



Повесть. Соңы

Қ. ЖАРМАҒАМБЕТОВ.

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ.

Қ. Жармағамбетовтың «Әнші азамат» повесті осымен аяқталып отыр. Бұл повестім өткен жылы Қазақ ССР Оқу министрлігі мен ҚЛКЖО Орталық Комитеті балалар әдебиетіне жариялаған конкурста бірінші байге алғаны оқушыларымызға мәлім болуға тиіс.

Повестің кейбіу тараулары қысқартылып басылды. Толығын Қазақтың көркем әдебиет баспасы быйыл жеке кітап етіп бастырып шығарады. Балалар, «Әнші азамат» повестінен алған әсерлеріңді, пікірлеріңді редакцияға жазып жіберіңдер.

Қупелес көршісі Әмірені оятып, Москваның Қазан вокзалына келіп қалғандықтарын хабарлады. Жалмажан киініп, жуынып, чемоданы мен домбырасын қолына ұстай далаға шықса, поезд Қазан вокзалына келіп тоқтапты. Перрондағы адам есепсіз. Ығы-жығы жүрт бірі танысын қарсы алып, бірі туысына кездесіп шұрқырасып жатыр. Әміре вагоннан шыққан бетінде ешбір таныс адамды кездестіре алмай аңырып тұрып қалды. Вагон алдындағы кісі сирей бастаған кезде ол ілгері жүріп, жан-жағына үңіле тағы бір қарады. Сол кезде оң жағынан:

— Әміре! — деген дауыс естілді. «Бұл кім?» деп танданған бойы дауыс естілген жаққа бұрылып еді, соңғы вагондар бойын қуалап, жүгіре басып келе жатқан қазақ жігітін көрді. Орта бойлы, толықша келген қара торы жігіттің бетіне тандана қарай тұрып, Әміре қол алысып амандасты. Бірақ, бұл жігіттің кім екенін әлі біле алмай тұр.

— Әміре, неге бөгелдің? Мені танымай тұрмысың? Мен Сәліммін, — деді қарсы алушы.

— Шын Сәлімбісің? Өзгеріп кетіпсің ғой.

— Түледік емес пе, Әміре? Өзгеруіміз заңды ғой деймін. Менің мұнда оқығаныма екі жылдан асып барады.

— Біз бір-бірімізді көріспегелі не заман. Тірнек кезімізде айырылдық та, түлек кезімізде кездесіп тұрғанымыз рас. Ал, мұнда қандай оқудасың? Әлім қайда?

— Су маманы болмақпын. Өзіміздің Ертіспен емін-еркін сырласатын болайын деп жүрмін. Әлім кемпіршалдың қолында, Омбыдағы темір жол станциясында жүк тиеуші.

— Сен бала кезінде Ертістің алабұғасын өшің бар адамдай аулайтын едің, енді қырып саламын десейші, — деп Әміре, балалық күндерін еске түсіріп күлді.

— Есен-сау оқуды бітіріп шықсақ, Ертістің алабұғасын ғана емес, өзін де ырыққа көндіреміз ғой деймін.

— Тым артық айтып тұрған жоқсың ба? Ертіс бірлі-жарым кісінің ырқына көне қоя ма?

— Баяғы бір татар қызының әнін Ертіс толқыны ұрлап әкетті деп өкінуші едің. Ертіс арнасындағы ән-

дерді сен де ырқына көндіріпсің ғой. Ертістің томырық екені рас, бірақ айлаңды асырсаң, ол да көнетін бо-лар...

— Сен өзіміздің көрі Ертіске қаһарынды мықтап тіккен екенсің. Жететін де шығарсың. Оны кезінде көрерміз. Кетпейміз бе? Түнейтін жео табамысың?

— Түнейтін жерді хауіп етпе. Ал, кеттік, — деп Сәлім Әміренің чемоданын алып вокзал бұрышын айнала бергенде:

— Сәлім, көлік жалдап баралық. Мынау тұрған көп машинаның бірі, ақша берсек, алып бармай ма? — деді Әміре.

— Қазақстан өкілдігі саған машина жіберген. Сенің келетіндігіңді мен сондағы жолдастардан естідім. Анау қара машина сені күтіп тұр.

Машина биік үйлердің бірінің алдына келіп тоқтады. Сәлім Әміренің заттарын алып алға түсті. Айналымалы сары есікті ашып, Сәлім жол берді де, өзі қонақтың соңынан жүрді. Коридорға кіргеннен соң:

— Москвадағы қонақ үйлердің ең тәуірі — «Гранд-Отель» дейтін осы. Саған арналған жеке бөлме бесінші қатарда, — деп Сәлім лифтаға кірді. Онымен қоса кіріп жұмсақ орындыққа отырған Әміре көтеріліп бара жатқан лифтаға таңданып:

— Мынау шкаф бізді қайда әкетіп барады? — деді.

— Бесінші қатарға.

— Ертегінің аспанға алып ұшатын тұлпары осында десенші...

Келесі күні Әміре Сәлімді ертіп Москваны аралауға шықты. Ол дүниенің шын көркі — Кремльді көрді. Қызыл алаңға барып, Ленин мавзолейіне кірді, данышпан көсемнің табытына бас иіп, дала қазағының сансыз алғысын айтты.

Үлкен қаланың ортасынан өтіп кеп, Кремль қабырғасын қапталдап ағып жатқан Москва өзенін көргенде, Әміренің көз алдына Ертіс суреті кеп тұра қалған еді. Майда толқынды, ағысы баяу, арнасы кең өзен әнші қыялын әлде қайда алып кетті. «Мына өзеннің айданына жалаң қайықпен жалғыз шығып алып, шырқар ма еді Татьяна әнін!» деп ойлады ол. Әміре Сәлімге тіл қатқан жоқ. Астананың сұлу көріністерінің

сырын жүйрік сезіммен ғана ұғып келеді. Сол бетімен екеуі әйгілі тас көпірден жаяу өтіп, Третьяков галереясына кірді. Әміре ертегінің сұлу сарайына кіргендей, зор сезіммен ілгері басты. Әр залдың қабырғасынан Улы Орыс халқының арпалыста өткен өмірі мен орыс жерінің көркем көрінісін тұңғыш рет өз көзімен көріп тұр ол...

Әміре қонақ үйінде отырып Сәлімге Александр Викторович Затеевич туралы сөз қозғады.

— Ол кісі менің досым болушы еді, әдейі Москваға келіп тұрып, жолықпай кетуім орынсыз болар. Бүгін сол кісіні қалайда болса жолықтыруымыз қажет. Ең болмаса телефонмен қабарласалық, — деп Әміре қарындасын алып, қойып дәптеріне үңілді. Сәлім Затеевичтің адресі мен телефон номерін айта бастады. Сол мезгілде бұлар отырған бөлменің есігінен ұзын бойлы, толық денелі, шоқша сақалы бурыл тартқан, ақ шашын қарсы қайырған қарт адам кіріп:

— Қазақстан делегациясы келмеді ме екен? — деп сұрады. Кұлағы шалып қалған таныс дауысқа жалт қараған Әміре:

— Қазақстан делегациясы келді, сәлеметсіз бе, Александр Викторович, — деп орнынан ұшып тұрған бойы композитордың қолын алды. Кәнігі таныс, ескі достар бірін-бірі қуанышпен қабылдап, бірі қазақ әншілерінің жайын сұрастырып, бірі «көптен бері келіңіздер ғой» деген тәрізді достық назын айтып отырды. Сәлім бұл екеуінің ашына кеңесіне қайран қалып, әңгімелеріне бөгде сөз қосқысы келмей, сырттай тандана қарап тұр.

— Иса мен Майра неге келмеді? Қалибек пен Қали қайда? Мұса шал тірі ме? — деп композитор сұрақтарды бастырмалатып жатыр. Әміре оның әр сұрағына байсалды жауаптар қайтарып:

— Исаға бар деуші болған жоқ. Ал, Майраны да жіберіңдер, деген екен Нарком. Бірақ, ол қатты сырқат деп естідім. Ән салмасаң да емделіп кел, бару керек деген кісі де болған жоқ оған. Біздің жердің етек бастысы әлі көп қой, Александр Викторович. Қали сені жеңсем ғана барамын, деп үш кеш айтысып, маған жолын берді. Ол бір айтқаннан қайтпайтын томырық адам ғой. Мен Қалидан жеңілсем де, келетін едім. Аузы жеңіл біреулер мені жеңді деп қойғаннан кейін, Қали қарысып отырып алды. Қалидың келгені жақсы болатын еді. Даусы бәсеңдеу болған мен, әнді айту шеберлігіне біздің біріміз де онымен таласа алмаймыз, — деп Әміре өз ұстазын көтере сөйлеп кетті.

— Оқасы жоқ. Сенің келгенің дұрыс болған. Ендігі жұмысымыз екеулеп сенің репертуарыңды белгілеу. Нарком тым қатал сынайтын кісі. Сен кәзір біздің үйге жүр, айтатын әндеріңді алдымен өз елегімізден өткізелік.

— Мен де сізді тауып жолықсам деп отыр едім. Жақсы кездестіңіз. Сізден қатал сыншы бар деймісіз. Өзіңіз сынаңыз алдымен, — деп Әміре досының тілегіне өз ойын ұшғастырды.

Келер кеште Әміре Москваның Үлкен театрында болды, сахнасына шықты. Әміре «Ағаш аяқ», «Бурыл тай», «Ардақ», «Жыйырма бесті» айтып, даланың асқақ әндерін аста-

на сыншыларының таразысына тартты. Әміре әндерін тындап, үзіліске шыққанда, Анатолий Васильевич Луначарский пенсесін алып, ақ орамалымен көзін сүртіп, біраз ойланып тұрды да, қасындағы Затеевичке:

— Александр Викторович, қазақ недеген өнерлі халық еді! Әлгі бір әндер Чайковский операларының ариясынан да, Глинканың романстарынан да кем түспейтін, шығармалар ғой. Айтушы жігіт шып талантты адам екен...

— Қазақ ақыны Абай:

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең», —

деп бекер айтпаған. Қазақ әрі әнші, әрі жыршы халық. Қазақ жырларында ерлік пен езгілік дәріптеледі. Қазақ әндерінде сарқылмас арман желісі жатады. Ал, Әміре Қашаубаев үздік әнші. Әттең білімі шағын, ептеп оқытса, Үлкен театрдың сахнасына мақтанышпен шығаратын адамның бірі болар еді...

— Ертең Парижге барып, дүниені тандандыратын осы Қашаубаев бола ма? деп ойлаймын.


— Жорамалдың жөнге шыққаны жақсы. Теріс меңзеген боларсыз. Мүше тістемесе де, Қашаубаевтың даусы тыңдаушыны бір дүрліктіретіні анық.

— Өзгесін былай қойғанда, Қашаубаев қазақтың жас театрындағы үздік артист екендігі даусыз. Осы сапардан қайтқан бетте сахна шеберлерімен таныстырып, білімін көтеруге жағдай тудыру керек. Келісім берсе, оқытқан жөн болар.

— Зор үмітті ақтайтын адам Қашаубаев...

16

Қаланы аралап қайту саяхатына шыққан совет делегациясы Париждың төбесінен қарап тұрған, қырық қабат темір үйдің түбіне келіп тоқтады. Әміре қасындағы жолдастарынан:



— Мына бір қаңқыған дүниені шіркеу дейін десем, басында кресі жоқ, тұрғын үй дейін десем, тағы орайын таппай тұрмын. Бұл не? — деп сұрады.

— Бұл атақты Эйфель мұнарасы, — десті жолдастары.

— Эйфель мұнарасы? — деп ойланп қалған Әміренің есіне Дәулеттің сонау бір кездегі лепірме сөздері түсті де, жымыйып күлді. Ол жолдастарына: — Бұл неге керек? — деп бала шағындағы Дәулетке қойған сұрағын қайталады.

— Біз дүниедегі халықтың бәрінен де «биікпіз», ғылым мен техникада, өнер мен білімде жұрттың алдына шықтық деген далбасына айғақ етпек боп жасаған дүниесі ғой. Әйтпесе осы мұнараның пайдасын көрдік деген бір французды естігеміз жоқ, — деп сөзінің соңғы жағын қалжыңға айналдырды тілмаш жігіт.

— Біздің дала қазағы ішерлік суы жоқ жерден құдық та қазбайды. Мәдениетті жұрт деп сыртынан дәріптейтін қауымның ішінен де есерсөздер табыла береді десеңізші.

Әміренің сөзін алдына келіп қолын жайған қайыршы француздың қайғылы үні бөліп кетті.

— Мына мұнараның темір қабырғасына сіңген сенің ата-бабаларыңның да көз жасының бір тамшысы бар-ау! — деп Әміре қайыршыға үш франкты ұстатты. Қайыршы басын иіп, өз тілінде есепсіз рахметін жолдап жатты...

Екі күннен кейін дүние жүзілік көрме ашылды. Көрмеге келген әр елдің өнерпаздары бір-біріне сес бере, сырттан сынасып, жатырқай қарайды. Өздерінше бәрі мықты. Қазақ домбырасын ұстаған аққұба жігітке менсінбей қараушылардың да саны көп. Бірақ, олардан именейін, деген сезім қазақ әншісінің де бет әлпетінен сезіле қоятын емес.

Көрме ашылған күннің кешінде, Париждың үлкен театрларының бірінде дүние жүзі өнерпаздарының концерті де басталды. Сахнаға шығу кезегі совет делегациясына тиді деген күні театрдың іші-тысын кісі кернеп кетті. Көшелердегі репродукторлар түбінде тұрған адамдарда есеп жоқ. Театр ярустарының көбінде орындық жетпегендер иін тіресіп түрегеліп тұр. Партердің сахнаға таяу жерінде төреші комиссия отыр. Бәрінің де алдында қағаз, қарындаш, қалам, сыясауыт, көздерін сахнаға тігіп, концерттің басталуын күтуде.

Концерт орыстың көп дауысты халық хорымен басталды. Онан соң Украинаның көпшілік биі көрсетілді. Жеке орындаушылардың көпшілігіне сынау кезегі концерттің екінші бөлімінде тиді. Қою қара мұртты, қызыл шырайлы, бұйра шашты грузин жігіті «Қабардинканы» билеп сахна сыртына кеткенде, залдағы қол шапалақтау тіпті үдей түсті. Биші сахнаға қайта шықты. Театр іші думанға айналып кетті.

Өз бөлмесінде домбырасының құлағын бұрап, бабына келтіріп отырған Әміреге концерт басқарушы жігіт келіп:

— Әміре Қашаубаевич, ендігі кезек сенікі. Сахнаға шыққанда, қысылып қалма, театр залын өзіңнің кең далаңдай көр де, шырқай бер, — деп күлді.

— Мен саспай, саспа. Уялатын, мен француздың күйеуі емеспін ғой, — деп Әміре де қалжыңдады.

Концерт басқарушы жас жігіт сахнаға шығып:

— Қазақ әншісі Әміре Қашаубаев! Енді қазақтың музыка құралы домбыраға қосып айтады! — деп жариялады.

Қазақтың батсайы қаптал шапанын ыйығына бос тастап, зермен әдіптелген кең бешпент, шалбарлы, жарма жағалы ақ жібек көйлегінің жоғарғы түймелері ағытулы, қолында сары домбырасы бар, орта бойлы, кең маңдайлы, аққұба жігіт сахнаға шықты. Залдағы отырғандар әншіге ерекше құрмет көрсеткен жоқ. Бой көрсетіп өте шығатындардың бірі болар, деп қарайтын сыяқты. Жаршы жігіт екі-үш тілде қайталап:

— Әнші Әміре Қашаубаев, қазақ әні «Бурылтай»! — деді де, әнде айтылатын өлеңнің сөздерін, әннің мазмұнын баян етті. Әнге ынтыққан мыңдаған көз, қара көленке залдың ішін жарық қып жібергендей, әншіге қадалыпты. Бірақ, Әміре қысылған жоқ. Еркін отырып, домбырасын еркін шертіп, ән сарынын бір шолып өтті.

Әміре әннің басын жібектей шыйратылған майда қоңыр дауыспен бастады да, орта шеніне келгенде, жоғары нота алып шырқап кетті. Шетсіз, шексіз далада туған, жазираның жазықтарында ержеткен ән театр ішін кернеп барады, әнші үні кең театрға сыймай далаға жарып шығар жол іздегендей. Оң жақ ложада отырған кеспелтек ағылшын мен ұзын бойлы арық америкалық «әншінің үні құлағымыздың жарғағын жарып кетер ме екен» деген хауіппен қос қолдап құлақтарын басып отыр. Әннің орта шенінен көтерілген үн даланың биік шыңдарына өрмелеу салтынан жаңылған жоқ, ұзаққа созылып барып қайтты да, тағы да қоңыр дауысқа түсті. Бірақ, ол сатысында тұрақтай алмай, әннің қайырмасында қайта көтеріліп, қайта асқақтап кетті. Ағылшын мен америкалық құлақтарын басып отырып сағаттарына қарасты. «Мынау адамның үні емес шығар. Егер бұл адам үні болса, осыншама дауысты шығарған өкпе мына шағын денелі кісінің кеудесіне қалай сыйып тұр? Мүмкін емес!» — деп өзара сырласып алуға да үлгірді.

Әнші әнін аяқтап, залдағыларға бас иді. Тындаушы халықтың құлағында әннің жаңғырығы тұрды. Сондықтан да, бірер минуттай уақыт театр іші үнсіз қалды. Әнші кетуге ыңғайлана бергенде, қауға тиген өрттей залдың іші ду ете түсті. Шарт-шұрт еткен шапалақ, «Бис», «бис!!» деген айғай театр ішін думанға бөледі. Әміре соңғы құрметке қайрылған жоқ, «сен бұл құрметті көрсетейін деп пе едің, табынарсың әлі бізге!» деген сөздерді ішінен айтып, сахна сыртына шығып кетті.

Қол соғу мен айғайға қайрылмаған әншіні бір көруге ынтыққан жұрт аяғымен еденді тепкілесті. Мыңдаған кісінің тепкісіне шыдай алмай ярустар иіліп, театрдың қабырғасы теңселгендей. Кеспелтек ағылшын етігінің өкшесі түскеніне де қарайтын емес, тек ұзын бойлы қапсағай америкалық қана қанын ішіне тартып, міз бақпай сұрланып отыр. Оның нұрсыз көзінің жанары, жер бетіндегі зұлымдық атаулының ұясымын дегендей, шүкірейе түскен. Ол қасындағы кеспелтек ағылшынның дарақылығын ұнатпаған пішінде, оған қырындай отырып елден ерекше темекісін тартты.

Төреші комиссияның сұрауымен Әміре сахнаға қайта шығып, орындыққа келіп отырды. Зал іші құлаққа ұрған танадай, ұшқан шыбынның ызыңы естілерліктей, тып-тыныш бола қалды. Театрдағы барлық адамның назары Әміреде. Жаршы жігіт бұл жолы да салтын бұзбай бірнеше тілде:

— Қазақ әншісі Әміре Қашаубаев! Орындайтыны қазақ әні «Ағаш аяқ»! — деп, ән өлеңінің мазмұны мен әннің тарихын баяндады. Сол сәтте Әміренің көз алдында Естай тұрғандай болды. Ол Рахымберлінің емес, Біржан әңгімелейтін «Ағаш аяқты» айтуға бекінді. Жаршы жігіттің сөзінен кейін төреші комиссияның бастығы орнынан тұрып:

— Айғай-шу, әңгіме-сөз, бейбастықтық мінездер болмауын сұраймыз. Төреші комиссияның әншіге әділ баға беруіне көлденең әрекеттер қомашаулық етеді, — деп ерекше ескерту жасауға мәжбүр болды.

Бұл жолы әнші бірден шырқап кетті. Сахна төрінен арынды әнмен қоса ескен серпінді екпін ауыр люстраларды шайқап, партердің алдыңғы қатарында отырғандардың маңдай шашын желпіп, ярустарды тербетіп жібергендей. Париж театрының ішінде өмір өгейлігіне ызаланып, арманы мен жүрек шерін ақтарып, өзінің өр мінезіне әнді арқау еткен дала қазағының сезім тілі әркімге-ақ түсінікті еді. «Ағаш аяқ» тындаушының әрқайсысын өз арманының өрісіне шығарып тастады.

Талайдың жан жарасының аузын ашып кетті. Сол сәбепті де залда отырғандардың бірінің бетінде маржандай мөлдіреген жас тұрды, бірінің бетінде мүгедек қазақтың ерлігіне риза болғандықтың белгісі — қуаныш сезімінің ізі жатты. Ән қаншалық асқақтап басталса, соншалық күшпен шарықтап барып аяқталды. Ән біткенде, залдағы жұрт есеңгіреп қалғандай еді. Әнші орнынан тұрып бас игенде, алғашқы ду қайта басталды. Әміре сахна сыртына кеткенде, «сахнаға! сахнаға!» деген дауыстар кең залды жаңғыртты. Төреші комиссияның тілегін орындап, Әміре сахнаға үш рет келіп қайтты, бірақ, ән салған жоқ.

Театрдағы жұрттың думанын баса алмағандықтан он бес минуттік үзіліс жарияланды. Төрешілер тобы біріне-бірі таңдана қарасып, алдарында жатқан тізімге үңілісті. «Әміре Қашаубаев» деген жазудың тұсына көпшілігі «5», бірсыпырасы «4» деген баға қойысты. Тек ғана ағылшын тілінде күнкілдескен екеудің бірі «күр айғай» деп жазды да, екіншісі бағаның орнына «сыйқыры бар» деп жазып, леп белгісін қойды. Ол белгі мұның таңдануы емес, іш мерездік сезімінің, жүрегін өртеген өшпенділік пен күншілдіктің белгісі болатын.

Сахна сыртында Әміренің қолын алмаған, шын ниетпен құттықтамаған бір жан болған жоқ. Жаршы жігіт:

— Қашаубаев жолдастың домбыра тартатын қолын «стройдан» шығарасындар, жайрақ қысындар — деп әзілдеді.

— Біздің қол ыстық, суықты көп көріп, көнбіс болған қол ғой. Қуаныштың қысымына төзбесе, осында тастап кетемін, — деп Әміре де күлді.

Қайта киіну үшін Әміре өзіне арналған бөлмеге кіріп, орамалымен маңдай терін сүрткенде, көзінен бір тамшы жастың қалайша шығып кеткенін өзі де аңғармай қалды. Бүкіл дүние жүзі өнерпаздарын, «Сәнді Париж, әнді Париж» атанған Парижді таңдандырған дала әндерін мақтаныш етті.

Келесі күні көрменің төреші комиссиясы концерттің қорытындысын жариялады. Комиссия бастығы Әміренің төсіне алтын жалатқан күміс медаль тағып, дүние жүзі өнерпаздарының жарысында екінші орын алғандығын жария етті. Париждың радиосы мен телеграфы «Әміре Қашаубаев, «Бурылтай», «Ағаш аяқ» деген қазақ сөздерінің бір әрпін де бұзбастан сап тілде, әр елге таратып жатты...

17.

...Совет елшілігінің үйі алдындағы алаңда жыйырмаотыз машина тұр. Көрмеге келген совет делегациясы елге қайтуға әзірленіп те болған еді.

Қара мұртты грузин жігіті мен Әміре әзілдесе сөйлесіп, баспалдақтан түсіп келеді. Киімдері жеңіл, қолдарында бір-бір ғана чемодан, жүздері жадраңқы, елге қайту сапарының қуанышы кеуделерін кернеп, бойларын билеген. Екеуі есік алдына шыққанда, шағын жеңіл машина көлденеңдей беріп, бұлардың жолын тосты. Машина есігі ашылды да, грузин жігіт артқа, Әміре алға, шофердың қасына отырды. Машина аэропортқа қарай шығатын көшенің бойын қуалап сырғый жөнелді.

Жолға шыға бере қасындағы шоферге көзі түсіп еді, Әміре өзіне-өзі сенбей, кімді көріп отырмын деген ойға қалды. Оның ойын шофердің қазақша сөзі бөлді.

— Сәлеметсіз бе, Әміре? Танымауың орынды! — деді шофер.

— Сен Дәулетпісің?

— Я, Дәулетпін.

— Сен қайдан келдің? Көктен түстің бе, жерден шықтың ба? Сен Қытайға кеткен жоқ па едің? Әлде баяғы арманыңды ақтап саяхатқа келдің бе?

— Саяхат менің не теңім. Жел айдаған қаңбақ қайда бармайды, қаңғып келген жай бар. Осындағы бір фабрикантта шофер болып қызмет істеймін. Сенің атыңды радиодан естіп, газеттерден суретінді көріп, бір

жолығып қалайын деп келіп едім. Есіктен шығып келе жатқаныңды көріп, машинамы басқалардан бұрын тостым.

— Әкең қайда? Ол да осында ма?

— Жоқ, әке сүйегі Қытайда қалған. Мен талай жерді шарлай-шарлай осында келіп тұрақтадым... Ел аман ба? Туыстардан кім бар?

— Ел аман болмаса, біз осында келеміз бе? Әрине, аман. Қашып кеткен кісіге елдің керегі не?

— Ажуаң орынды, Әміре...

Машина аэропортқа келіп тоқтады. Дәулет екі чемоданды көтеріп қонақтар тоқтайтын бөлмеге кірді. Соңынан ере кірген Әміре:

— Қонақ етуге уақыт тығыз және өзің кеш кездестің. Эйфель мұнарасындағы ресторанға барып тамақтанарсың, — деп қалтасынан франк алып Дәулетке ұсынды. — Алтының көп болушы еді ғой, ақшаға зәру де емес шығарсың, — деп кекеп те қойды.

— Алтын ада болғалы қашан. Рахметтен басқа не айтамын, — деп Дәулет ақшаны қалтасына сүңгітті.

— Түбіміз тарақты болушы еді, Парижда шоферіміз бар дейтін болдық, енді келсек, алдымыздан шығарсың.

— Мені бұл өмірде жоқ дегеніңнің өзі жайлы болар, — деп Дәулет бөлмеден шығарда, қара қошқыл мүйізді қолын беруге именіп күнқағары сынық қалпағын алып басын иді. Әміре мауыты көк шляпасын көтеріп:

— Қош бол, мәдениеттілігің қысып кетіп, қол беруге де арландың ғой, — деді.


— Менің қолымды қысуға қанша күштармын дейсің. Қош бол! Сұраған жанға сәлем айтарсың, — деп Дәулет есіктен шықты.

— Біздің елден сенің сәлеміңе құмар адам табыла қойса, жарар еді, — деп Әміре күлді...

* *

*

Совет азаматтары мінген самолет Франция аспанын мұз жарғыш кемедей тілгілеп, бетін күншығысқа бұрды. Самолет терезесінен төменге көз қыйығын тастаған




Әміре төменнен Парижды көрді. Көше бойларында ерсілі-қарсылы ағылған адам. Солардың арасында қалпағының сынық күнқағарын баса киіп Дәулет кетіп бара жатқандай. Бетіне қарар елі жоқ, еміреніп қарсы алар жері жоқ, адамның анасы — халыққа қанжар жұмсаған қарақшы Дәулет кісі бетіне тура қарай алмайтын шығар, деп ойлады Әміре. Терезе пердесін жауып жіберіп, жұмсақ орындықтың биік арқасына басып сүйей отырып, Дәулет жайындағы ойын жалғастыра түскен Әміре ыңылдап ән салады:

Еркелетер елім бар,
Еміренер жерім бар,
Қош бол, енді жат өлке,
Қонақ үй, бізге Париждар!

Әнші қазақ өзін өсірген жазық даласына қыял құсын қалықтатып, туған жерінің нелер тамаша суреттерін әкеліп отыр көз алдына. Әр кәдесі тұяқ туындатып, баурайынан үйірлі жылқы, қоралы қойлар, алшаңдай басқан ойсыл қараның ұрпағы мен мал маңғазы қызыл аруаналар өргізіп, масатыдай құлпырған туған жердің нелер сулу белдерін көргендей. Шың бастарынап жанжалдаса құлап, жазыққа шыға туыстар тауып толғана аққан өзендері мен құзына асылып күн күлімдеп, шоқтығынан аса алмай бұлт шөгіп, мұнар басына қанаты талып қыран қонған биік тауларының тізбегі өтеді көз алдынан. Әнші кей сәтте Қарқаралының мөлдіреген тұнық көлдеріне төніп, тұнығына жүзе жөнелетін күндерін есіне алады. Көл бетінен көлбей ұшқан қос аққудың қанат суылына құлақ тосып, Ақан әндерінің бір ырғағын құлағы шалып қалғандай елең етеді әнші. Туған жердің ойы мен қырында шат өмірдің қуанышына бөленген елін көріп отыр ол. Қазақстанның оңтүстігін орай салынып жатқан темір жолды, бір кезде бедірейіп жатқан тас емшек даланың қойнына, қол салып асылын алып жатқан еңбек ерлеріне «іске сәт!» айтқысы келіп те оқталады әнші. Сол бауырлардың арасына барып, тайың бәйге алды, әнің мүше тістеді дегісі келеді оның.

Әнші қыялы еркіндік алып, ел болған еңбектегі ауылын шолып өтіп, Қазақстанның қызыл астанасына тұрақтағандай. Бақытты халықтың шаттық ордасы — мен дегендей, астана төрінде қазақтың тұңғыш театры тұр. Арқа қазағының алымды сөзі мен асқақ әні, Орал қазағының өр мінезі мен дарқан күйі, сыр қазағының әдемі әуезі мен толқынды биі, Алтай қазағының ақжарқын күлкісі мен әсем сазы театр сахнасына шығыпты. Қыр мен Сырдың жазықтарында, Орал, Алтайдың шыңдары мен құмдарында топқа түсіп жүлде алған, сахараның санлақтары жыйналыпты театрға. Жас театрдың сахнасын жасақтаған қазақтың тұңғыш актерлары тобына қосылуға асыққан Әміре, терезе пердесін сырып тастап далаға көз салса, самолет Гоголь мен Горький суреттеген Россияның тұнық аспанына кіріп қалған екен. Ол қасындағы жолдасына:

— Келдік міне, өзіміздің байтақ жерге! Жеттік міне алыстан аңсап сағынған елге. Араласамыз шат өмірдің майданы мен сайранына! — деп орнынан тұрды.



БЕЙБІТШІЛІК ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕР

ЖОЛИО-КЮРИ

20 ғасырдағы ұлы ғалымдардың бірі — Фредерик Жолио-Кюри.

Жолио-Кюри атом ядросын зерттеген физик. Бірақ ол кісі тек кабинетте отыратын ғалым емес. Ол отаны мен халқы үшін, бостандық пен бейбітшілік үшін, адам баласының келешек тұрмысын жақсарту үшін халықаралық саяси күреске белсеніп қатынасуды ғалым. Жолио-Кюри бар білімін, өнерін, қайратын халық игілігіне жұмсауға бекінген адам.

Фредериктің әкесі жұмысшы, Париж коммунасына қатысқан революция қайраткері Шешесі де балаларына «өмірдегі жұмыстың бастысы әділсіздікпен күресу» деп үйреткен кісі еді. Демек, Фредерик Франция жұмысшы табының революциялық дәстүсі рухында тәрбиеленген. Инженер болып жүргенде, жұмысшылармен жақын араласып бостандыққа бастайтын күш осы жұмысшы табы екендігіне оның көзі әбден жетеді.

Фредерик өзі ұнатқан мектепте оқый алмағанымен, 13 — 15 жасында өзі тұрған үйдің бір жағын лабораторияға айналдырады да, химиялық түрлі тәжірибелер жасайды. Ол үйдің ішін ластап, дүниені бүлдіргенде, шешесі оған ұрсатын еді, сонда ол:

— Мама, сен химия дегеннің не екенін білесің бе? Ол дүниедегі ең қызықты ғылым. Мен қайтсем де инженер-химик боламын, — дейтін. Жолио-Кюри көңіліне алғанына жетпей қоймайтын еді. Ол ақыры дегеніне жетті — инженер-химик болып шықты.

Ғылым жағынан Жолио-Кюридің бірінші ұстазы Франция халқының көрнекті ғалымы, әрі патриоты Поль Ланжевен болса екінші ұстазы поляктың атақты ғалым әйелі Мария Складовская-Кюри еді. Бұл әйел прогрессивтік идеялары үшін Польшадан қуылып Францияға барып тұрады. Жолио-Кюри ғылыми жұмысын 1925 жылы сол кісінің қарауында лаборант болып бастайды.

Жолио-Кюри кәзірде Франция Ғылым Академиясының мүшесі және сонымен қатар ондаған шетел ғылым академияларының толық мүшесі, Совет Одағы Ғылым Академиясының мүше-корреспонденты.

Жолио-Кюридің ғылымға қосқан жаңа үлесі өте көп. Біз олардың ішінен атом ядросын табу жұмыстары туралы қысқаша айтпақбыз. Бұл арада айта кететін бір нәрсе, Фредерик Жолио-Кюри ғылыми жұмыстарының көпшілігін әйелі Ирен Жолио-Кюримен (Мария Складовская-Кюридің қызы) бірге жүргізген. Ирен Жолио-Кюри де дүние жүзіне белгілі үлкен ғалым, прогресшіл қоғам қайраткері.

1932 жылы Жолио-Кюри бериллий деген металлды айыру арқылы, сол кезге дейін белгісіз болып келген бір жаңа бөлшекті анықтаған. Оны кәзір ғылымда нейтрон деп атайды. Тек осы нейтрон табылғаннан кейін ғана атом ядросының неден құралатыны мәлім болды. Нейтрон мен протон атомды — атом ядросын құрастыратын кіші бөлшектер. Атом ядросын зерттеп, одан атом қуатын шығарып алудағы соңғы кездегі табыстардың барлығы осы Жолио-Кюри тапқан нейтронмен тығыз байланысты.

Нейтрон шығара алатын түрлі реакцияларды зерттеу жолында Фредерик пен Ирен 1934 жылы тағы бір үлкен ғылыми табысқа жетті.

Өткен, XIX ғасырдың аяқ кезінде, кейбір химиялық элементтердің өзінен өзі сәуле шығаратындығы белгілі болды. Оның себебі элементтердің ядролары тұрақсыз екен. Олардың өздігінен ыдырап, басқа элементке айналатындығы, әрі бұл ыдырауда өте көп қуат бөліп шығаратындығы анықталады. Бұл радиоактивтік құбылыс

деп аталады, мұны зерттеп тапқан жоғарыда аталған Мария Складовская-Кюри мен оның күйеуі Пьер Кюри.

Содан 40 жыл өткеннен кейін Фредерик пен Ирен Жолио-Кюри атмосферада (ауада) ешбір радиоактивтік қасиеті жоқ элементтердің де бойында түрліше әсер арқылы радиоактивтік кубылыстар туғызудың әдісін табады. Демек, Жолио-Кюри әдісін пайдалана отырып химиялық элементтердің көпшілігінің ядросын талқандап бұзуға болады, сүйтіп одан өте көп мөлшерде қуат шығаруға болады. Осыны жасанды радиоактивтік зат дейді. Бұл ғылымның XX ғасырдағы маңызы зор табысының бірі. Осы еңбегі үшін Фредерик пен Ирен Жолио-Кюрилерге 1935 жылы Нобель сыйлығы*) берілді.

Сөйтіп, Фредерик Жолио-Кюри 35 жасында дүние жүзіне даңқы жайылған үлкен ғалым болды. Бірақ, ол қолы жеткен ғылыми табысына қанағаттанып қалмай, ғылыми зерттеу жұмысын қажымай-талмай жүргізе берді. 1939 жылы Жолио-Кюри бұрынғы жұмыстарының жалғасы, бірақ маңызы олардан да зор, бір жаңалық табудың ізіне түсіп, соны іске асыруға жақындаған еді. Ол атом қуатын көп мөлшерде шығарып, шаруашылық, өндіріс жұмысына қолданудың тәсілін табу еді. 300.000 киловатт қуат беретін электр станциясына жылына 3 миллион тонна таскөмір жағудың орнына, Жолио-Кюридың айтуынша бір ғана тонна уран жетеді.

Ардақты ғалым ол жылдары бұл жұмысын толық аяқтай алмады. Неміс фашистерінің Францияны басып алуы оған кедергі болды.

Гитлер басқыншылығы салдарынан француз халқы ауыр халге ұшыраған кезде, Жолио-Кюридың халқын сүйетін ержүрек күрескер екендігі айқын көзге түсті. Басқа елге барып ғылыми жұмысын жүргізе беруге мүмкіншілігі бола тұрса да, ол Францияны тастап кетпеді, басқыншыларға қарсы белсене күрес жүргізді. Жолио-Кюри «Халық майданы» деген жасырын ұйым ашып, соны басқарды. «Егер мені ұстаса, я атып жіберсе, коммунист болып өлгім келеді» деп, сол ауыр күндері ол Франция коммунист партиясының қатарына кірді.

Франция жаудан азат етілгенше, Жолио-Кюри күресушілердің алдыңғы қатарында болды. Ол, мен ғалыммын деп тартынбастан талай жауынгерлік тапсырманы орындауға барды. Оның бұл кездегі ерлігінің бірі — атом қуатын алудың құпия сырын және реактивтерін гитлершілерден жасырып, Францияның келешегіне, бейбітшілік өмірдің керегіне жұмсау үшін аман сақтап қалды. Жолио-Кюри осындай жанқиярлық ерлік жасамаса, фашистік Германия атом қуатын алудың жолын оңай тапқан болар еді.

Соғыс біткеннен кейін, 1946 жылы Жолио-Кюри бастап қойған ісін аяқтауға кірісті. Францияда атом қуаты комиссариатын ұйымдастырды. Жолио-Кюри оның жоғарғы комиссары болды.

Мұнда Жолио-Кюридың қарамағында 1000 нан астам ғылым қызметкерлері жұмыс істеді. Ол: «Біз жұмысқа кіріспес бұрын зерттеуіміздің мақсаты атом қуатын бейбітшілік мүддесіне қолдану тәсілін іздеу деп ашықтан-ашық айтқан болатынбыз», дейді.

Жолио-Кюридың бұл ісі Америка соғысқұмарларына ұнамады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Нью-Йоркта 1946 жылы болған бір мәжлісінде, Америка өкілі Бернард Барух деген зұлым ұялмастан Жолио-Кюриға келіп: «бір миллион доллар берейік біздің дегенімізді істе» деп азғырды. Жолио-Кюри, эрине, бұл азғыруға ерген жоқ. Оған жауап ретінде 1948 жылы Францияның өзінде отырып атом қуатын алу мәселесін толық шешті. Жұмыстың ендігі сатысы: сол қуатты шаруашылыққа қолданудың тәсілімен, оған қажет аспап-құралдарды табу болды.

Міне, біз атом ядросындағы көп қуатты алудың ғылыми жолын тапқан Жолио-Кюри екендігін білдік.

*) Нобель сыйлығы — өте зор маңызы бар ғылыми еңбек үшін берілетін халық аралық сыйлық.



Фредерик Жолио-Кюри.

Жолио-Кюри өзінің бар қайратымен, дүние жүзіне мәлім үлкен беделімен Американың атом қуатын соғыс жұмысына қолдану әрекетіне қарсы шықты. Францияның көзіргі реакцияшыл үкметі американимпералистерінің айтқанын істеп, 1950 жылы апрель айында Жолио-Кюриді атом қуаты жөніндегі жоғарғы комиссарлық қызметінен босатады.

1949 жылы Парижда болған бейбітшілікті жақтаушылардың дүниежүзілік конгресі Жолио-Кюриды конгресстің тұрақты комитетінің председателі етіп сайлады. Содан бастап Жолио-Кюридың өр дауысы жер жүзінің еңбекшілеріне бейбітшілік үні болып естіледі. Ол Францияны, Италияны, Индияны, Швецияны, Польшаны тағы басқа елдерді аралады. Жолио-Кюри дүние жүзінің халқын бейбітшілік үшін, соғысқа қарсы күреске шақырды, бейбітшілік өмірді сурап алудың керегі жоқ, бейбітшілікті өз қолымыздан орнатамыз деп ұран тастады ол. Тұрақты комитеттің өткен жазда Стокгольмда болған сессиясында да Жолио-Кюри: «Атом қуатын адам өлтіру үшін, басқыншылық үшін қолдануға қарсымыз, атом қаруын бірінші болып қолданған үкметті біз қылмысты айыпкер деп санаймыз» деді және Стокгольм үндеуіне ол бірінші болып қол қойды.

Жер жүзінің халқы Жолио-Кюриді жақсы көреді. Ол бейбітшілік үшін, өмір үшін, барлық адам баласының бақыты үшін күресіп келеді. Сондықтан да ол 1950 жылы құрылған Дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің председателі болып тағы сайланды.

Жуықта бейбітшілік жолындағы асқан еңбектері үшін Фредерик Жолио-Кюриға «Халықтар арасында бейбітшілікті нығайту үшін» берілетін халықаралық Сталиндік сыйлық берілді.

Б. БІРІМЖАНОВ,

Химия ғылымдарының кандидаты.

Күн, ауа, су- досың



Күн жадырап, жаз келеді. Сен оқу жылын аяқтағалы отырсың, оқушы. Енді бірнеше аптадан кейін жазғы демалысқа шығасың, пионер лагеріне барасың. Шынығасың, шыңдаласың.

Шынығу дегеніміз не? Шынығу — ауа райының түрлі құбылысына организмді тез бейімделе білуге дағдыландыру деген сөз. Екінші сөзбен айтсақ: табиғаттың шұғыл өзгерістеріне — суығы мен ыстығына бірдей төтеп бере білу деген сөз.

Расын айту керек, бізде суық немесе жауынды күндері көшеге шығуға қорқатын кейбір балалар да бар. Ондайлар мектепке барса, беті-аузын орап алатынын көресің. Мұндайлардан өнеге ала көрмендер, балалар. Совет пионері ең алдымен денісау, төзімді, қайрат-жігерлі болуға тиіс. Нақ осылай болып өсуде күн мен ауаның, судың тигізер пайдасы көп.

Адам денесінің қызуы 36-37 градус екенін бәрің де білесіңдер. Ал, сендер 40 градустық ыстықта денеміздің қызуы неге көтерілмейтінін, әйтпесе 35—40 градустық аязда мұрнымыз мұз боп неге қатып қалмайтынының себебін білесіңдер ме? Неге десей, адамның организмінде жылуды реттеп отыратын, қандай ыстық-суыққа болса да денеміздің бейімделе қоюына көмектесетін ерекше қасиет бар. Бірақ бұл бейімшілдік қасиет адамның бәрінде бірдей бір дәрежеде болып келе бермейді. Физкультурамен шұғылданатын адамдардың бұлшық еттерінің жақсы өсуі сыяқты, шыныққан адамдардың организмдері де жылы мен суыққа, жаңбыр мен желге тез және оңай бейімделіп, көндігіп алады.

Суық ауа шу дегенде теріге тиеді. Теріде көптеген қан тамырлары бар. Егер адам ыстықтаса, арнаулы жүйкелердің көмегімен қан тамырлары ісініп кеңиді. Тері арқылы қан көптеп ағады, бұл қандар денені қоршаған ауаға жылу береді. Ал, қысты күні қан тамырлары жылылықты аз беру үшін мейлінше тарылады.

Бір қатар жылу ауамен демалу арқылы да тарайды. Сондықтан да адамға неғұрлым ыстық болса, ол солғұрлым жиі және еңіге дем алады. Ыстықтағанда иттің тілін салақтатып тез-тез демалғанын бәрін де көрген боларсыңдар. Мұндайда оның демалысы бір минутта 600ге дейін жетуі мүмкін. Сонымен бірге иттің

тілінен осы бір минуттың ішінде 2 литрге дейін су боп ұшады. Міне, осы арқылы ол өзін ыстықтан қорғайды.

Организміміз арқылы жылуды тарату мен сақтауға біздің тер шығаратын бездеріміз де қатысады. Ыстықтағанда, әсіресе, қара жұмыс істегенде адам терлейді. Бұл тер арқылы жылу сыртқа тарайды. Ал, тоңса, адамнан тер шыға бермейді.

Жылуды таратуда немесе сақтауда жүрек пен өкпенің де тағы басқа органдардың да қатысы бар. Организмді күнге, ауаға, суға шынықтыру арқылы біз қан тамырларымызды тез кеңіп, ісінуге, тез тарылуға, жүрегімізді өзімізге қажетті тездікте соғуға, тер бездерімізді бізге керекті мөлшерде тер шығаруға мәжбүр етеміз.

Шынықпаған адам, әдетте, түрлі ауруларға жиі шалдығады. Бір ғалым сибирь язвасымен тауық неге ауырмайтын себебін білумен шұғылданады. (Тауық денесінің қызуы сибирь язвасына шалдығатын қайуанаттардан жоғары болады). Әлгі оқымысты тауықтың аяғын суық суға салады. Содан кейін салқын тартқан теріге сибирь язвасының микробын жібереді де, ауруды тауыққа оп-оңай жұқтырады. Осы бір ғана мысалдан дененің шұғыл сууының ыстық-суыққа бейімделмеген организмге қандай зор әсері бар екенін айқын көруге болады. Әдетте, грипп, ангина, өкпе қабыну сыяқты ауруларды жұқтырар алдында аяғын суық сумен жуса, не тоңса, бұл айтылған ауруларға балалар оңай шалдығады.

Көп ауруларды жұқтырмаудың ең жақсы амалы — таза ауа. Дене шынықтыруды, міне, осы таза ауамен шынығудан бастау керек. Әр күн сайын 3—4 сағат далада жүру шарт. Ол үшін мектепке ертерек бет алып, асықпай жүріп бару керек. Кеш тұрып сабақтан қаламын деп тұра жүгіру, мектепке алқынып жету — пайда бермейді.

Мектептен келген соң ұйықтар алдында да таза ауада жүріп қайтқан жақсы. Таза ауада жүріп қайтқаннан кейін адамның асқа табиғаты жақсы шабады, жұмысты шабытпен істейтін болады.

Таза ауада, көлеңкеде, жалаңаш жүру де өте пай-

далы. Алғашқыда дене болмашы түршігеді, артынан қантамырлары кеңіп адамның бойы жадырап сала береді.

Таза ауада шынығуды жазды күні бастау қажет. Ауа барлық теріге әсер ету үшін трусиден басқа киім болмасқа тиіс. Ал, қыстың күні жалаңаш денені таза ауамен шынықтыруды үйде қолданған жөн. Форточка ашық болуға тиіс және гимнастика ойнай жүріп, шынығу қажет, бұл 10 минуттан аспау керек.

В. И. Ленин 1901 жылы М. И. Ульяноваға жазған бір хатында әр күн сайын ерте тұрып гимнастикамен шұғылдануға кеңес береді, мұның пайдалы екенін айтады. Ал, Владимир Ильичтің өзі дене шынықтырумен үнемі шұғылданып отырған. Бұл шынығу айдалуда жүріп кездескен ауыр жағдайларды Лениннің жеңуіне көмектесті.

Азаңғы гимнастиканы радиодан берілетін сабақтан тындап жасауға болады; әйтпесе физкультура оқытушысынан қандай қыймылдар жасауды сұрап алып, өзінше жасауға да болады. Мұнымен қатар спорт ойындарымен: шаңғы, коньки тебу, суға жүзу, жүгіру, волейбол ойнаумен шұғылдану өте қажет.

Дененді шынықтыра берсең, сен өз организмді ешбір ауруды дарытпас берік қамалға айналдырасың.

Гимнастикадан кейін дененді суық сумен жуу да жақсы. Су жылылықты тез өткізеді, сондықтан ауаға қарағанда, ол дененің сыртқы қабатынан жылуды көп алады. Терінің қан тамырлары тарылады, қан ішкі органдарға құйылады, жүректің жұмысы күшейеді. Соның арқасында қан тағы да теріге құйылады, денеге қызу пайда болады. Сонымен қатар су денемізді кір-қоқыспен микробтардан тазартып жуып кетеді, сөйтіп терінің еркін дем алуына жағдай жасайды.

Суға түсу организмді шыңдайды, жүйкелер жүйесін, жүректі, өкпені нығайтады. Жүзудің арқасында бұлшық еттер өседі. Ал, егер суда жүру 15—20 минуттан асып кетсе, дене түршігіп, тоңу басталады. Бұл, әрине, зиянды. Сумен шынығу үшін ең алдымен дәрігермен кеңесу керек. Өйткені, жұрттың бәріне суға түсе беруге болмайды. Өзен жоқ жерде суық душқа шомылу қажет. Қысты күндері денені суық сумен жуумен қанағаттанған жөн. Содан кейін жұмсақ сүлгімен денені қызарғанша ысу қажет.

Ең соңында айтарымыз — күн. Организмге, оның ішінде өсіп келе жатқан организмге күннің пайдасы өте зор. Күн жерге екі түрлі сәуле жібереді, бұл сәуле-

лердің адамға етер әсері күшті. Біріншісі — ультрафиолет сәулелері. Бұл сәуле адамның денесіндегі тканьдарға қорек заттарды жеткізуде қанға көмектеседі, қанда «Д» витаминінің пайда болуына жағдай жасайды. Бұл витамин балаларды рахит*) ауруынан сақтайды. Екіншісі жылылық сәулесі (инфракрасный). Бұл сәуле қан тамырларымызды кеңітеді, микробтардың өрістеуіне кедергі жасайды. Күн сәулесін жалаңаш денеге қабылдауды тек дәрігердің кеңесі бойынша ғана қолдануға болады. Күн сәулесін шамадан тыс қабылдау зиянды, жүрекке әсер етеді, күн өтуге апарып соғады. Күнге күйдің ережелерін дұрыс сақтамаған адам терісін күйдіріп алып, ала-қожалақ боп жүреді.

Жаз айларында, ыстық күндер бола бастаған кезде, күн көзінде трусиден жүруге жаттыққан жөн. Бұл көпке созылмау керек. Біраз күн осылай жүргеннен кейін, дене аздап күнге күйіп қоңырқай тартқан соң ғана барып, күн сәулесін жатып қабылдауға болады. Өйткені күнге күйген денеге күн сәулесі (жылылық) аз әсер етеді.

Күнге күйгенде басты ақ шүберекпен жауып алу қажет. Бірте-бірте аунай жатып, барлық денені күн сәулесіне шалдыру керек. Күн сәулесін қабылдау алғашқы кезде 5—10 минуттан аспауға тиіс. Содан уақытты бірте-бірте көбейтуге болады. Бірақ, 40—50 минуттан асуға тиіс емес. Күн көзіне жатқаннан кейін, көлеңкеде біраз болып, содан соң суық суға жақсылал шомылу керек. Күн көзін қабылдайтын ең қолайлы уақыт — сағат 11—12 нің кезі. Тамақ ішкеннен кейін тек 2 сағат өткен соң ғана күнге күйуге болады.

Міне, балалар, күн, ауа су — біздің досымыз екенін сендер енді білетін болдыңдар. Жалғыз-ақ естеріңе салатын нәрсе — бұл достарыңды организмдеріңе қажетті мөлшерде дұрыс пайдалана білулерің шарт. Организмді дұрыс шынықтыра білсеңдер, Отанымызды гүлдендіру жолында дені сау, күшті, ақжарқын, алымды азамат болып өсесіңдер. Аталарың Сталин, елің сендерден осыны талап етеді.

Г. ПЛОТНИКОВА,

Аналар мен балалар мүддесін қорғайтын республикалық ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері.

* Барлық организмді, оның ішінде сүйекті шалатын ауру. Мұнымен ауырған баланың денесінен әл азаяды, сүйектері аз қатайды, бұлшық еттері босап кетеді.



Кіші Алматың өзенінің жағасында.



ГЕОГРАФИЯ ҮЙІРМЕСІНДЕ

— Біз келесі сабағымызда «Селевин — Бетпақ даланы тұңғыш зерттеуші совет ғалымы» деген тақырыпты талқылаймыз. Бетпақ дала жөнінде кітаптар оқып келіңдер, — деді үйірме жетекшісі оқытушы Ф. Жанбозова. Жетісінде бір рет болып тұратын география үйірмесінің сабақтарынан біз көп жаңалық біліп отырамыз.

Үйірме мүшелері отандастарымыз — саяхатшылар: Беринг, Козлов, Дежнев, Лазаревтердің география ғылымына қосқан жаңалықтарымен таныстық.

Үйірме жұмысы география пәнінен картаны жақсы білуге, жалпы білімімізді байытуға көп көмектесіп келеді.

ПИОНЕРЛІК ІС

Өтебай аудан орталығына таяу жердегі колхозына қайтып келе жатты. Колхоз малдары төлдей бастаған кез еді. Осы манда дөңде колхоз қойлары жайылып жатты. Жолсызбен қыялай жүрген Өтебай бір шұңқырда жатқан лаққа тап болды. Жаңа туған лак. Басқа малдардан қалмайын деп енесі лакты тастап кетсе керек. Пионер Өтебай лакты көтеріп алып, фермаға апарып, қойшыға тапсырды.

Ә. ҚАЛЫМЫРЗАЕВ,

Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Каганович атындағы орта мектеп.



„ЛЕНИНШЕ ОҚЫЙМЫЗ“

— Ленин жөнінде жыйын өткізіледі...

Оқушылар арасында бұл хабар демде тарап кетті.

Бұл жыйын өте қызық болып өтті. Дмитрий Ильич пен Мария Ильиничнаның Ленин туралы кітабы бойынша аға

вожатый Дүкенбай Сеитбаев әңгіме айтып берді. Владимир Ильичтің тамаша өмірі тыңдаушыларға үлкен әсер етті. Зейінділік, табандылық, еңбек сүйгіштік, уақытты дұрыс

пайдалана білушілік, әдептілік Ленинге жастайынан тән болған қасиет. Ол өзіне тапсырылған істі табанда қолға алады. Егер оған әдебиеттен шығарма жазу тапсырылса, алдын ала материал әзірлейді. Бұған қажетті кітаптарды іріктеп алады да, оны жүйемен оқып, негізгі пікірлерді дәптеріне жазып отырады. Оның уақытты пайдалануы да қызық болған. Сабаққа да, серуенге де, түрлі спорт ойынымен шұғылдануға да уақытты үнемдеп дұрыс бөліп, сол тәртібін күнбе-күн жүзеге асырып отырған.

«Уақыт жетпейді» деп жүретін кейбір оқушылар уақытты үнемдей білсе, уақыт жететініне көздері жетті. Әңгіме уақытты дұрыс пайдалануда. Ленинше оқып, Ленинше еңбектене білуде екенін әр оқушы көңілдеріне тоқыды. «Ленинше оқыймыз» деген ой әр оқушы пионердің басына келді.

З. НҮРҒАЛНОВ.

Тереңөзек ауданы, Ақарық жетіжылдық мектебінің оқушысы.



ВОЖАТЫЙ СӨЗ АЛДЫ...

БЛКЖО-ның XI съезі пионер ұйымының нәтижелі іске жетуі ең алдымен пионер вожатыйына байланысты екенін атап көрсеткені мәлім. Демек, пионер вожатыйлардың жұмыс істей білуі—оқу-тәрбие жұмысты жақсартуда елеулі қызмет атқаратыны күмәнсіз. Бізде вожатыйларға көмектесудің түрлі жолдары жүзеге асырылып келеді. Соның бірі — тәжірибе алмастыруды ұйымдастыру. Әдетте, пионерлер үйінде вожатыйлар бас қосады. Онда тәжірибе ортаға салынады, түрлі тақырыпта семинарлар өкізіледі.

Таяуда «Пионер ұйымы — мұғалімнің көмекшісі» деген тақырыпта әңгіме өткізілді. Бұл тақырыпта педагогика училищесінің оқытушысы Каменкова баяндама жасады. Баяндамашы пионер вожатыйы өз жұмысын өткен оқу жылының қортындысымен танысудан бастау керек екенін айтты. «Әр мектептің жақсы тәжірибесімен қатар кемшілігі болады, — деді Каменкова жолдас, — әрбір келесі оқу жылының басында сол кемшілікті жою күресінің шараларын қарастыру керек».

Вожатый тәрбие жұмысын жүргізгенде, әр баланың жас ерекшелігін, мінез-кұлқын, білім дәрежесін есепке алуға тиістілігі жайында нақтылы дәлелдер мен мысалдар келтірілді. Пионер вожатый мұғалімдермен, ата-аналармен тығыз байланысты болса, жыйын-

да белгіленген жұмыстың әр саласы уақытында орындалатыны айтылды.

Вожатый Катя Гусева түрлі тақырыпта әңгіме өткізудегі, жаңа кітаптар көрмесін ұйымдастырудағы өз тәжірибесін айтты. Вера Проводникова: оқу программасына сәйкес жүргізілетін физкультура-спорт, саяхат, экскурсиялардың тәрбиелік мәні жөнінде өзінің жұмыс тәжірибесін ортаға салды.

Мұндай конференцияларды келешекте жиі өткізбекпіз.

ТАРАСОВА,

Пионерлер үйінің директоры
Петропавл қаласы.



БАҚЫТЖАННЫҢ ҚУАНЫШЫ

Бақытжан быйыл алғашқы рет мектеп табалдырығынан, аттады. Алғашқы күннен бастап-ақ ол сабаққа зейін қойып, білуге құмартты, неше түрлі суреті бар кітаптарды, мектептің залына ілінген ұран сөздерді оқып білуге асықты.

Әр күнгі сабақ оны дегеніне жеткізіп келе жатқан сыяқтанды. Мұғалімнің айтқандарын жақсы ұғып, әріптерді біліп отырды, енді ол жеке сөздерді өз бетімен ежелеп оқығанын дәрежеге жетті. Өзінің әліппесінен Сталин деген сөзді алғаш рет оқыған күні қуанышы қойнына сыймады.

— Әр күнгі сабақ оны дегеніне жеткізіп келе жатқан сыяқтанды. Мұғалімнің айтқандарын жақсы ұғып, әріптерді біліп отырды, енді ол жеке сөздерді өз бетімен ежелеп оқығанын дәрежеге жетті. Өзінің әліппесінен Сталин деген сөзді алғаш рет оқыған күні қуанышы қойнына сыймады.

— Апа, міне мынау Сталин деген сөз. Өзім оқыдым, — деді ол шаттанып.

Анасы баласын арқасына қақты.

— Кеменгер атаңша оқы, халыққа сол кісідей қызмет ететін бол, ұлым! — деді Айжан апай оған.

— Мен жақсы оқыймын.

Онысы рас. Бақытжан, шынында да, жақсы оқып келеді және жақсы оқый бермек.

Ө. Бөлтеков,

Түлкібас ауданы, Каганович атындағы колхоз.



ЕРКІН МЕН ЕРТАЙ

Еркін де, Ертай да пионер. Бұл екеуі бір класта оқыйды. Бұларды ауыл адамдары аузынан тастамайды. Мұның себебі бар. Неге десендер, олар сабақты жақсы оқумен қатар, колхоз шаруашылығына да араласып, үлкендерге көмектесіп отырады. Екеуінің де ең бір сүйетін кәсібі — жас бұзауды күту. Олар жазғы демалыста фермаға барып, малшыларға қолқабыс етуді екі жылдан бері әдеттеріне айналдырды. Үстіміздегі оқу жылында болған қысқы демалысты да олар фермада өткізді. Олар әрдайым тәжірибелі қарт малшы. Смағұл атаймен жиі әңгімелеседі, ол кісіден мал жайында әңгімелер тындайды, мал бағудың тәсілдерін үйренеді.

Кәзір олар жаңа туған бұзауларды күтуді қолға алды. Әр күн сайын сабақтарын оқый жүріп, бұзаулардың астына қорда салуды, мерзімінде суаруды, тамақтандыруды ұмытпайды. Бұлар күткен бұзаулар жүні гүл-гүл жайнап, марқайып өсіп келеді.

— Шаруа болсаң, біздің Еркін мен Ертайдай бол! — дейді колхозшылар оларға сүйсініп.

Жалғыз бұл екеуі ғана емес, біздің ауылдың оқушы балалары төл күтуге араласуды қолға алған. Дружина пионерлерді осындай игілікті іске бастап, олардың мал шаруашылығына араласуларына ұйтқы болып отыр.

Т. ЕРЖАНОВ,

Аманкелді ауданы, Аманкелді атындағы орта мектептің оқушысы.

ЖАС ТАЛ

Өзіміздің жеңістің
Еккен талы былтырғы
Бұтақ тартып, көктемде
Тамаша боп құлпырды.

Жапрақ жайған жас талдың
Көркіне көз тоймайды.
Бұтағына боз торғай
Қонып алып сайрайды.

Көркейтуге, сәндеуге
Үй маңайын теп-тегіс,
Быйыл тағы көктемде
Терек екті жас Жеңіс.

Ғиюзхан САТОВ,

Қостанай қаласы, Жамбыл
атындағы орта мектеп.

ЖАС мичуринші

ЖЕМІС АҒАШТАРЫН КҮТУ ЖОЛДАРЫ

Жеміс ағаштары мен жидек-жемістер өсетін жердің топрағы жұмсақ, түрлі арам шөптен таза болуы керек. Ол үшін жазғы маусымда әрбір жеміс ағашының айналасындағы арам шөптер оталып, топрағы үш-төрт рет қопсытылады. Жеміс ағаштарына жіберілетін су тоқтатылып, топрағы дегдісімен, оны тереңдігін 8—10 см. етіп жұмсарту керек.

Ағаштардың ара-арасындағы жер қыртысы жыртылған күйде жатады. Өйткені дән себілмей бос жатқан пардың жер қыртысы түйіршіктері уатылады да, ондағы азот азаяды.

Жердің топрағы уатылып кетпеу үшін, дәнді егістер егілуі керек. 2—3 жыл бос жатқан парға 2—3 жылдай бұршақ тұқымдас көпжылдық егістері (сары жоңышқа) егіледі. Пар қыртысын аударып алмай, жазда екі-үш рет малаланады. Жидек-жемістер плантациялары жазда екі-үш рет малаланып, арам шөптен тазартылады.

Жеміс ағаштарын өсіру үшін ең қажетті нәрсенің бірі—тыңайтқыш қолдану. Сондықтан тыңайтқыш ағаштың өсу маусымдарына қарай қолданылуы керек.

Негізгі тыңайтқыштар көктемде және күзде қолданылады. Жаздың күні соған қосымша қорек беріледі: алғашқы қосымша қорек ағаш гүлдеген соң, екіншісі содан 20-25 күн өткен соң беріледі. Қосымша қорек ретінде аммиак селитрасы, күкіртті қышқыл аммоний алынады. Олардың әр гектарға берілетін мөлшері 40 килограмма шамасында болуы шарт. Тыңайтқыштар себілгеннен кейін, ағаштың түбіне, жидек-жемістер плантациясының ара-арасына қайтадан су жүргізіледі. Жеміс ағаштары мен жидек-жеміс плантациясын жіберілген су әрқайсының түбіне жететіндей инфильтрация жолымен суару—ең дұрыс әдіс. Жаңбырдың аз-көптігіне және ауа райына қарай жеміс ағаштарын 4—6 рет, жидек-жемістерін 5—6 рет суару керек.

Жеміс ағаштарын күту үшін, олардың дәнін жеп қоятын түрлі құрттар және түрлі аурулармен


күрес жүргізіледі. Жеміс ағаштарының ең зиянды құрттар—алма күйесі және алма дәнін жейтін ақ құрт (плодожорка). Бұларды құрту үшін жеміс ағаштарына у бүрку керек. Алма күйесін құрту үшін, ағаш гүлдегеннен кейін у ертіндісі бүркіледі. Ол ертіндісінің құрамында бір литр суға 3 грамм кальций арсенаты, бір литрге 3 грамм эк пен 2 грамм анализин сульфат болуы керек. Алма дәнін жейтін ақ құртқа қарсы жазда 3 рет у ертіндісі бүркіледі.

Ертіндіні бүрку мерзімін мұқият қадағалап отыру керек. Бірінші ертінді ең алғаш ағаш гүлдегенде (15 майда) пайдаланылады, екінші рет июнь айының алғашқы күндерінде, үшінші рет құрттардың екінші рет көбейетін кезінде (1—10 июль күндері) бүркіледі.

Ертінді ағашқа дұрыстап бүркілсе, жемісі таза болады да, қысқа сақтағанда ешбір бүлінбейді.

Ағаш жемістерін күтудің де жолдары болады. Күтудің аса көңіл аударатын түрі-жеміс іріленіп келе жатқанда, ағаштың бұтақтарына тіреуіш қою. Тіреуіш айыр бұтағы бар тұзу ағаштан жасалады. Жел шайқағанда жеміс басып тұрған бұтақ үзіліп кетпеу үшін, тіреуішті сәл көлбетіңкіреп қояды. Сонда жеміс ағашының бұтағы сынбайды да жемісі үзіліп шашылмайды.

М. ЕРЕМЕНКО,
ғылыми қызметкер.



ТӘЖРИБЕ УЧАСТОГІ

Комсомолдың XI съезі жас табиғат зерттеушілер қозғалысын өрістете беру ісіне зор мән берді. Арықбалық мектебіндегі комсомол, пионер ұйымдары, XI съездің қаулысын жүзеге асыру ниетімен, 1949 жылы мектеп маңын көркейтудің үш жылдық жоспарын жасады. Жоспар жасалсымен-ақ бүкіл мектеп коллективі іске қызу кірісті.

Талайдан бері ескі шөп-шалам, қорда-қоқыс басып жатқан жер сыпырылып тазартыла бастады. Керексіз сояу, алабота, шағыр тағы басқалары оталып, тау-тау болып аулаққа тасылды. Жердің томары, өзге ой-шұқыры тегістелді. Оқушылар алғашқы кезектегі бұл жұмысты ұтылай жүріп бітірсімен, жерді әлденеше мөлдекке бөлді. Оның әр қайсысына қандай дақыл егілетіні белгіленді, жұмыстың бәрі агротехникалық ережелер бойынша жүргізілетін болды.

Жер дегдісімен мектеп маңын тазартып, тегістеп қойған оқушылар көк тебіндей нақтылы іске жұмылды. Олар биология пәнінің оқытушысы Алексееваның басқаруымен тәжірибе участогін еге бастады. Қызыл тал, бозтал, терек, үйеңкі, алма ағаштарын бір топ оқушылар отырғыза бастағанда, екінші топ жидек-жеміс бұталарын егумен шұғылданды. Төменгі класс пионерлері мектеп алдына жапатармағай гүл отырғызды. Үлкен клумба жасап, оны неше алуан гүлді өсімдіктермен безендіруге асықты.

Сөйтіп болашақ бақшаның негізі салынды. Балалар болашақ бақшаны—комсомол бақшасы деп атауды ұйғарды.

Мектептің барлық оқушылары жазғытұрғы бастаған жұмысын сабақпен қатар жүргізе берді. Тіпті мектеп маңын көркейту жұмысы ұйымдасқан түрде, мөлшермен жүргізілгендіктен, оқушылардың бірлестік ықыласын арттырды. Бәрі оқу жылының табыспен аяқталуына үлкен ықпалын тигізді. Арықбалық мектебі бұл жылы оқуды алдыңғы жылдардағыдан анағұрлым жақсы көрсеткішпен аяқтады.

Оқу жылы бітті. Жас мичуриншілер тәжірибе участогіне 3189 түп қызылтал, 850 түп бозтал, 162 түп терек, 50 түп үйеңкі, 50 түп алма ағашын отырғызды. Көп жидек-жеміс бұталарын екті, гүлдер өсірді, дәнді, майлы, тамырлы дақылдар екті. Міне, енді оқушылар жаз бойы осы «шаруашылықпен» шұғылданбақ. Олар өздері отырғызған өсімдіктерін мәпелеп күтеді, бақылайды, тәжірибе жасайды. Қолына кітап, күрек ұстап жүріп,

өсімдіктер өмірінде жаз бойы болған өзгерістерді көз алдынан еткізеді.

1949 жылдың ұлан жазына Арықбалық мектебінің маңы балалардан босамай қойды. Оқушылар ылғый алма-кезек ауысып отырды. Бірі демалуға, сайрандауға колхозға, қалаға кетіп жатса, екінші тобы мұнда қайтып оралып келіп жатты. Кетушілер жұмысын тапсырып, істің жәйін үлкендерше салмақтап айтады да, келушілер етек-жеңін түрініп тәжірибелі бағбандарша іске кіріседі. Тәжірибе участогі күн санап құлпырып, жайнап көркейе берді. Комсомол бақшасын барлық халық құрметтейтін болды.

Күзгі оқу жылына оқушылар, мол тәжірибе, білім алып келді. Мектеп жанындағы тәжірибе участогі көрікті бақшасы ғана емес, білім, тәжірибе орны екенін, коллективті нығайта түсетін еңбек дүкені екенін көп бала сезіп түсінген еді.

Мектеп жаны үш жыл ішінде көрікті гүл бақшаға айналды. Бұдан үш жыл бұрын отырғызылған шыбық кәзір бойшаң, бұйра ағаш болды. Жиде-жеміс бұталары кәзір үлкен қорық сыяқты. Мұнда сәукелесін жамылып тармақты бидай өсетін болды. Жас буынның еңбегімен өнген редисканың бір түйірі 750—1200 граммға, картоптың бір түйірі 1100 граммға жетті.

Тәжірибе участогін көркейтуге үш жыл бойы ерінбей еңбек сіңіріп келе жатқан пионерлер, пионер звенолары көп-ақ. В. Павлов, Т. Судаков, Б. Қенин басқаратын екінші, үшінші, төртінші звенолар Петропавлдан әкелінген алма ағашты, ал, А. Сидорованың, Афанасованың, Михайлованың звенолары Алматыдан әкелінген алма ағашты жақсы өсіріп келеді. Валентина Карлованың отрядін алсақ, ол кендірді күтуді міндетіне алған. Пионерлер Рогальская лала гүлдерін, жас бұршақтарды, Г. Иванова бидайдың бұл жерде бұрын егілмеген жаңа түрін, Е. Кузмина аскабақты, А. Сухаренко алма ағашын, ал, Р. Левашева шие ағашын тамаша шебер өсіруді үйренді.

Участоктың барлық жұмысы оқу программасына сәйкес, тәжірибе жұмысын жүргізуге лайықтап құрылған.

Оқушылар дәнді егістер бөлімінде өсімдіктің тіршілігін зерттейді, топрақты қоректендіруді, тыңайтуды үйренеді, өсімдікті дұрыс күтуге жаттығады.

Жеміс ағаштар бөлімі оқушыларды мичуриндік озат ғылыммен таныстырады. Бір жеміс ағашын екінші бір жеміс ағашымен будандастырып өсіру арқылы жемістің жаңа түрі өсіріледі мұнда.

Ағашты тұқымнан, сабақтан өсіру бөлімі оқушыларды табиғаттың өте бір қызықты құбылысымен таныстырады. Мұнда ағашты тұқымнан, сабақтан өсірудің 60 түрлі тәсілі қолданылады. Осылармен қоса гүл өсіру және басқа да толып жатқан агрономиялық істер оқушылардың білімін бір пәннен емес, көп пәндерден молынан толықтырып отырады.

Жас табиғат зерттеушілер бүкіл класс бойынша тәжірибе жүргізумен бірге, мұнда жекелеп те тәжірибе жұмыстарын жүргізеді. 2—3 оқушы болып бірігіп немесе пионердің бір өзі ғана өсімдіктің өсіп жетілуін бақылайды, күтеді, күнделігіне бақылау қорытындысын жазады.

Тәжірибе участогі кәзірде мектептің сабақ жүргізуіне керекті көрнекті құралдың көбімен-ақ қамтамасыз ететін болды. Мысалы: «бұршақты өсімдіктер» сабағында бұршақ, қытай бұршағы және басқалары, ал, «майлы өсімдіктер» тақырыбы оқылғанда — кендір, зығыр, күнбағыс тағы басқалары көрсетіледі. Қайсы бір тақырыптарды өткенде, бірнеше класс барып өсімдіктің түрімен, тіршілігімен, оны күту, өсіру жолдарымен танысады. Міне, осының бәрі оқушылардың білімін тереңдете беруіне, еңбекке бейімделуіне жәрдемдеседі, ұйымшылдыққа үйретеді.

Арықбалық мектебінің жас табиғат зерттеушілер үйірмесі өткен жылы аудандық ауыл шаруашылық көрмесіне қатысты. Көрмеде балалар өсірген тармақты бидайды, томардай картоп, редисканы

және басқаларын көріп, колхозшылар өте сүйсінді. Олар балаларының өмірмен, еңбекпен біте қайнап өсіп келе жатқанын білді. Көрмеде болған қарт колхозшы: мектеп — әрі білім, әрі тәжірибе, тәрбие ордасы екен-деді.

Арықбалық ауданы, Арықбалық жеті жылдық мектебінің тәжірибе участогін өркендетумен шұғылданғанына үш жыл болады. Ол мектеп оқушылары 1949 жылы қабылдаған үшжылдық жоспарын быйыл майда мерзімінен бұрын аброймен орындап шықты. Мектеп маңы бұл күндері гүл бақша, алыстан көз тартады. Айнала бой тастап өскен өрім жас ағаштар. Жер бетін көкөрай екпе өсімдік, қызылды-жасылды гүл жапқан. Мектеп үйі өмір көгіне оранып сәулеттепе түскен. Арықбалықшылар быйыл көктемде тағы бір жеміс бағын жасады. Олар 400 шаршы метр жерге жеміс ағаштарын, бұталарын отырғызды. Бұлардың ішінде алманың, шиенің, қарақаттың, алмұрттың, бұлдіргеннің жаңа сорттары бар.

Үш жыл бойы өсіп жетілген тәжірибе танабы өзімен қоса талай бағбандар өсірді, оқушыларды тәжірибеге байытты, мектептің көркін көтерді. Ең негізгісі — бұл қат-қабат қайнаған жұмыс, еңбек, табыс жас табиғат зерттеушілердің туған жеріне, өзінің социалистік Отанына деген шексіз сүйіспеншілігін арттыра береді.


М. ДОСАЕВ,

ҚЛКЖО Көкшетау облыстық комитетінің секретары.



Гродекое селосындағы (Жамбыл облысы) орта тәжірибе мектептің участогі. Участокте оқушылар алма ағашын әктеп жүр.


Суретті түсірген Р. Сибирцев.



КРОССВОРД

КӨЛДЕНЕҢ ОҚЫҒАНДА

1. «Ер Тарғын» операсының кейіпкері. 3. «Миллионер» повестісінің кейіпкері. 5. Географиялық көрнекі құрал. 6. Батыс Европадағы өзен. 8. Кавказдағы ұлт. 9. Горький шығармасы. 10. Халықаралық әйелдер қозғалысы қайраткерінің есімі. 12. Қазақ совет ақынының есімі. 14. Пушкин поэмасының басты кейіпкері. 16. Ең терең көл. 17. Азиядағы түбек. 18. Қазақстандағы өнеркәсіп қаласы. 20. Оңтүстік-шығыс Европадағы ұлт. 21. Сибирьдегі өзен. 23. Европадағы шығанақ. 25. Үй сайманы. 29. Қазақстандағы құм. 30. Қазақ Совет жазушысының аты. 31. Қатты ағаш. 32. Қазақстандағы өзен.



ТІГІНЕН ОҚЫҒАНДА

1. Пән. 2. Тарихта мәні бар су кемесі. 3. Материк. 4. Минерал. 5. Кен. 7. Таудағы аң. 8. Азиядағы өзен. 11. Су қоршаған құрғақтық.

ЖҰМБАҚ

Айдалада бір диірмен,
Шыр айналар бір бүйірден.
Қылдан нәзік бір жібі бар,
Қандай шебер оны иірген?

Жіберген: С. ӘУЕЗХАНОВ,


Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Октябрь мектебі.

ЖАУАП

«Пионер» журналының 1951 жылғы 2-санындағы жұмбақ-суреттің жауабы.

Дұрыс шешуін бірінші жібергендер:

Ж. Сұлтанқұлов (Талдықорған облысы), У. Жүнісов (Қызылорда облысы), Б. Жақыпов (Петропавл қаласы).




12. Францияның отары. 13. Шығарманың түрі. 15. Түйенің түрі. 16. Асу. 17. РСФСР облысы. 19. Европадағы өзен. 22. Жемістің түрі. 23. Пән. 24. Қытай қаласы. 26. Азиядағы ел. 27. Ауырлық өлшемі. 28. Жылқы жүрісі.

Жіберген Е. ҚАРЫМСАҚОВ,

Атбасар қазақ орта мектебі.

Жұлдыз



Қарындашты қағаздан айырмай отырып, мына жұлдызды сызып шығу керек. Сызғанда бір сызықтың үстін екі рет басып өтуге болмайды. Кәне сызып көрейік.

М. МҰСАҚҰЛОВ,

МАЗМҰНЫ

Қ. Шаңғытбаев — Алматыдағы 1-Май (өлең)	—
М. Әлиманов — Съезден съезге	2
А. Соколов — Лауреат-ғалым	5
С. Баязитов — Көмбедегі құпия	7
Н. Ғабдуллин — Биббой (әңгіме).	9
І. Мәмбетов — Суретші інім (өлең)	11
Қ. Жармағамбетов — Әнші азамат (повесть, соңы)	12
Б. Бірімжанов — Ф. Жолио-Кюри	16
М. Еременко — Жеміс ағаштарын күту жолдары	18
М. Досаев — Тәжірибе участогі	18
Г. Плотникова — Күн, ауа, су — досың	20
Мектептен хат	22
Демалыс сағаттарында	24
Білгім келеді	—

Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған Н. Лебедев.

Редколлегия мүшелері
Т. Абдрахманов (редактор) К. Айманов, К. Баранов, Ә. Бектұров, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, М. Нұртазин, Ә. Сәрсенбаев.

Тех. редактор Н. В. Федоров.

Редакцияның адресі:
г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журналы «Пионер».

Подписано к печати 28/IV 1951 г. УГ02888. Бум. 84 × 108^{1/16} — 0,75 бум., 2,46 п. л. Тираж 10.800 экз. Полиграфкомбинат Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР. г. Алма-Ата. Заказ № 842



ЖАҢҒЫРЫҚ ДЕГЕН НЕ?

Шауілдір ауданы, Ақтөбе бағтауыш мектебінің оқушысы У. Тұрмағамбетованың сұрағына жауап.

Жаңғырық — физикалық құбылыс. Жаңғырық деп дыбыстың тараран жолында кедергіге соғылып қайтадан естілуін айтады.

Тынық, мөлдір, судың бетіне тас тастасақ, оның түскен жерінен жан-жаққа су толқындарының тараранын көреміз. Егер де осы су толқындары жолында бір тасқа соғылса, олардың тарау бағытын өзгерткенін байқар едік.

Дыбыстың ауадағы тарауы да осы сыяқты.

Адамның, музыка аспаптарының үні немесе басқа бір себептердің шығарған дыбысы толқындана тарайды. Егерде жолында кедергі кездессе, онда дыбыс толқындары, жарға соғылған доптың серпіліп келіп қайтқаны сыяқты, бағыттарын өзгертеді. Мұндай құбылысты физика да дыбыстың шағылысуы дейді. Мысалы, бос ағаш бөшкенің ішіне айқайласаң, дауыс күшейіп, күңірене естіледі.

Жаңғырық кез келген жағдайда естіле бермейді. Оның естілуі құлақтың дыбыс сезгіштігіне байланысты. Құлақ бір дыбыстан соң екінші дыбысты анық естуі үшін бұл екеуінің арасында ең кемі 0,1 секунд уақыт өтуі керек, бұдан аз уақыт өтсе, құлақ бұл екі дыбысты бір-бірінен ажырата алмайды.

Ғалымдар дыбыстың ауада секундiне 340 метр жылдамдықпен тарайтынын тапқан. Олай болса, ауыздан шыққан дыбыс 0,1 секундте шағылысып кері қайту үшін 0,1 сек. x 340 м ≈ 34 метр жол жүруі керек екен. Олай болса жаңғырық туғызатын кедергі естүшіден ең кемі 17 метр қашықтықта болу керек.

Біз жаңғырықты көбінесе таулы-тасты жерлерде, тоғай ішінде есітуге үйренгенбіз. Дұрысында жаңғырық тегістікте, мыйдай жазық далада да, теңіз бетінде де естіледі. Мұның себебі температурасының өзгешелігіне байланысты атмосфераның кей қабаттары тығыздығы өртүрлі болып, дыбыс ауа қабатына да соқтығысады.

К. АЙМАНОВ

Плзнердің моделі қалай жасалады?

Талдықорған облысы, Қаратал ауданы, Жаңа талап жетіжылдық мектебінің оқушысы Ө. Жексенбаевтың сұрағына жауап.

Сендердің талайың болашақта ержүрек ұшқыш, авиация маманы боларсындар. Бұл — өте қызықты өнер. Мектептегі авиамодельшілер үйірмесі сол өнердің алғашқы сатысы. Бұл мақалада планер моделін қалай жасауға болатынын айтпақбыз. Мақаланы мұқабаның соңғы бетіндегі суретпен салыстыра оқыған дұрыс.

Модель негізгі үш бөлшектен құралады. Олар: қанат, фюзеляж-белдік, құйрық. Құйрықтың өзі жалға, стабилизаторға бөлінеді.

Модель жасау үшін қағазға қанаттың, стабилизатордың, жалдың, зілдің, қанат таянышының суретін сал. Әр бөлшектің сызығы қағазға өз үлкендігіндей болып салынғаны жақсы. Біз суретте, орын аздықтан бөлшектер сызығын кішірейтіп бердік.

Модельді фюзеляж белдіктен баста. Өйткені барлық бөлшек осы фюзеляжға жалғастырылады.

Фюзеляж-белдікті құрғақ тұзу қарағай, жөке, тораңғы ағаштарынан жасауға болады. Белдіктің қыймасы 10 x 10 мм. болсын. Зіл қалыңдығы 5—6 мм. жәй үйенкіден немесе жұқа тақтайдан жасалады. Фюзеляждың төсіне зілді сыналай сұғып желіммен және үш жерден шегемен бекіт.

Модельдің құйрығы қарағай тақтайдан жасалады. Мұндай тақтайларды көбірек әзірле, өйткені ол стабилизаторға және басқаларына жұмсалады. Стабилизаторды әдіптеуге арналған тақтайша қыймасы 2 x 4 мм. жалға арналған тақтайша 2 x 3 мм. болуы тиіс. Бұл тақтайшалар иіліп те қолданылады. Ол үшін тақтайшаны суға қайнатып, онан соң жұмыр таяққа қоса таңып ий. Иілген тақтайшаларды әбден кепкенше сол күйде қалдыр. Сонан соң иілген тақтайшаларды керегіне пайдалана бер.

Қанат иілген екі тақтайшадан, екі әдіп тақтайдан және 13 кергіш құралады. Иілген доға тақтайшаның ұзындығы 100 мм., қыймасы 4 x 7 мм. болады. Оны қайнаған

суға батырып, шамның немесе оттың жалынына аз қыздырған соң, суретте көрсетілгендей етіп ию керек, сонан кейін оны әдіппен қыюлап жалға. Одан соң суретке қарап отырып кергіштер әдіп тақтайшамен қалай астасатынын қарандашпен белгіле («А» суреті). Әр кергіштің ұшы әдіп тақтайдағы ойыққа сұғылады. Кергіш шіреп тұру үшін алдын ала аздап (50 мм) бүгіледі. Бұның бәрі желіммен бекітіледі. Қанаттың таянышы мен әдібін жіппен шандып желімде («Б» суреті).

Модельдің даяр болған бөлшектерін қайтадан жақсы тексеріп шық. Әсіресе қанатқа көңілді баса бөл. Оның өнбойы жақсы керілісін. Жұқа қағазбен (жазатын) қанатты, стабилизаторды бір жағынан, (үстінен) ал, жалды екі жағынан бірдей желімде.

Енді модельді құрастыруға кіріс. Стабилизатор мен жалды көлденең тақтайға (планкаға) жақсылап бекіт («Г» суреті).

Қанаттың фюзеляж-белдікке дұрыс орнатылғанын оның екі жақ тең тұруынан байқауға болады. Ол үшін модельді қырынан қойылған сызғыштың үстіне немесе пышақ қырына сал, сонда оның салмағы екі жаққа тең болса, дұрыс болғаны («Д» суреті). Қанаттың таянышы («Б» суреті) фюзеляж — белдікке жінішке резинамен байланады. Құрастырғаныңның дұрыстығын тағы да бір тексеріп шық. Қыйсайып тұрған жері жоқ па, байқа. Енді модельді ұшырып көруге де болады. Оң қолмен қанаттан кейінірек ұстап, модельдің тұмсығын әйтек еңкейте, сәл екпінмен ілгері лықсытып жібер. Модель көлбей ұшып, 10—12 метр жерге баруға тиіс. Егер ұшып бара жатқанда, модельдің тұмсығы төмен тұқырып кетсе, қанатты ілгері жылжыт. Ал, модель шалқақтап кетсе, қанатты біраз кейін сырғыт.

Осындай сыннан өткізген соң, модельді биіктен ұшыр, сонда ол аспанда қалықтап ұшады. Міне, бұл дұрыс құралғаны. Осыдан кейін модельді жіпке байлап ұшырып дағдылан.

Н. ЗОЛЬНИКОВ.



Планердің моделі қалай жасалады

1040


Бүйірінен қарағанда




Қыюлап қосу



Жілпен орап желімде






Алдынан қарағанда



Қыюлап желімде

Жоғарыдан қарағанда



Қыюлап желімде



Салмақ орталығы

- 1-Қанат 2-Зіл 3-фюзеляж белдік 4-жол 5-Стабилизатор
- A Қанаттың доғасы мен кергіштерін бекіту жолы.
- B Қанаттың таянышы B жолды бекіту
- Г Стабилизатордың бекітілу жолы